

# АҚМӨШТ

# Жастары

Жаннан қымбат оларға ар.  
Мен жастарға сенемін.



Магжан

№ 08 (493)  
23 ақпан, 2023 жыл

6+



Газет 2013 жылдың  
қыркүйек айынан бастап шығады

Қызылорда облыстық жастар газеті

– Әсел Мирғалиқызы, сіздің көп жылдан бері Каспий итбалықтарын зерттеп жүргеніңізден хабардармыз. Табиғатқа, теңіз жануарына деген қызығушылық, жанашырлық қайда болды?

– Бұл тақырыпқа қызығушылығым бала күннен басталды, себебі әкеммен бірге зерттеу жұмыстарын бақылаған ұнайтын. Ал университетті бітірген сәтте әкем экспедиция барысынан видеомонтаж жасауды ұсынды. Негізгі мамандығым иктолог болса да оқу бітірген соң мені не күтіп тұрғанын білген жоқпын. Тек әкеммен бірге табиғат аясында жиі жүрген соң кім болатынымды түсіне бастадым. Алғаш рет 2013 жылы Марқакөлде ұйымдастырылған іс-сапарға оператор ретінде шықтым. Бұл жерде түнде суық болып, қатты тоңғаным өсімде. Бірақ табиғат пен теңіз жануарларына деген қызығушылығымның нәтижесінде осы мамандықтың иесі болуға бел байладым. Сол жылы Каспий теңізіне бағылаушы ретінде барып, итбалықты алғаш көрдім. Итбалықтардың мінез-құлқы, іс-әрекеті маған қызық көрінді және оларды қатты жақсы көріп кеттім. 2015 жылы қазақстандық зерттеушілер Каспий итбалықтарын зерттеуге барды. Бұл зерттеудің бері итбалықтардың тіршілік иен олардың тізбесі алаңдатын мәселе қандай? Қазір Каспий итбалығын сақтап қалу үшін қандай шаралар қарастырылуда?

– Біз итбалықтардың іс-қимылын, жалпы тіршілігін зерттеумен қатар

олардың басқа ортаға жеріңізін де бақылаймыз. Итбалық-шабақтармен қоректенетін теңіз жануары. Бүгінде Каспий



**Каспий итбалықтарын зерттеп жүрген ғалым Әсел Баймықанованың теңіз жануарларына қызығушылығы өз алдына бөлек тақырып. Көп жылдан бері экология тақырыбын, соның ішінде итбалықтар мәселесін қозғап жүрген Әселмен осы аптада сұхбаттасудың сәті түсті.**

теңізде саны азайып, қауіп төнген итбалықтар тіршілік

етеді. Санын анықтау мақсатында күз, көктем айларында аралдарға барып санақ жүргізіліп, итбалықтардың мына жұп итбалық барын анықтадық. Қазір итбалықтарды сақтап қалудың жан-жақты шешімін іздеудеміз. Бұл ретте итбалық Қазақстандағы сиреп бара жатқан жануарлардың қатарына енді.

– Итбалықтардың мінез-құлқын, мекендеу аймағын зерттегенді ұнатады екенсіз. Осы орайда оқырманға итбалықтардың негізгі ерекшелігі жайлы тың дерек айтып берсеңіз...

– Итбалықтар – өте әуесқой тіршілік иесі. Мысалы теңіз үстінде біз оларды бейнежазбаға түсіріп келе жатсақ, итбалықтардың да бізді бақылап келе жатқанын аңғару қиын емес. Олар жайлы қызықты дүниелер айтуға болады. Бірде әкем екеуміз аралға шақтық. Біз бұл саларға ұзақ дайындалғанбыз. Аралға келгенде бізден 20-30 шақырым жерде екі топ болып итбалықтар жатты. Өр топта жиырма итбалықтан бар. Біз деп орталарынан жүріп бара жатқанда әкем «тамақтанып алайық» деді. «Неге дәл қазір тамақтанамыз, зерттеу жүргізіліп тұр ғой?» дегенімде шаршағанын айтты. Ебеуіміз келісіп, тамақтану болған әкем сол мызғыл алғысы келді. Сол сәтте итбалықтар жаймендеп бөлініп, бізге қарай ике жатқанын байқадым. Әкемді оятып, өзім келе жатқан итбалықтарды бейнежазбаға түсіре бастадым. Жоралап келе жатқан итбалықтарды көргенде менің қатты күлкім келді. Бірақ оларды үркітіп аларымыз деген оймен күле алмадым. Олар бізді де итбалық екен деп жақындаған болатын. Бірақ біздің теңіз жануары емес екенімізді білгенде теңіздің басқа бөлігіне бұрылып кеттім. Сол сапардағы итбалықтардың жүрісі шынымен күлкілі болды және маған ерекше қызық көрінді.

– Адамға уақытта қандай дүниелерді зерттегіңіз, билігіңіз келеді?

– Келешекте итбалықтардың табиғаттағы өзгерістерді қалай қабылдайтынын жан-жақты бақылап, бар өмірді осы теңіз жануарларын зерттеуге арнағым келеді.

– Сұхбатыңызға рақмет!

Өңімелескен Гүлдана ЖҰМАДИН

**Ақпанның басында Түркия мемлекетінен қайғылы хабар жетті. Елдің оңтүстік-шығыстағы жер сілкінісі орын алып, 40 мыңнан астам адам жан тапсырған болатын. Сол-ақ екен Қазақстан да бауырлас елдің басына түскен қайғыны бірлесе көтеріп, жәрдемін аямауға тырысты. Құтқарушылар мен дәрігерлер тобын жөнелтіп, қаржылай және гуманитарлық көмек легін ұйымдастырды. Бұдан бөлек, көрсіпкерлер тарапынан кіміз үй, тұрғындар атынан азық-түлік пен киім-кешек табыстау қадамы жүйелі жалғасын тапты. Енді, міне, Сыр елі де мұндай ізгі іске улес қоспақ.**

Қазіргі таңда аймақта түрік ағайындарға жәрдем беруге бағытталған бастама қолға алды. Ерікті жастар мен кәсіпкерлердің ұйықты болуымен облыстағы «Жастар ресурстық орталықтары» жанынан гуманитарлық көмек жинақтау пункті ұйымдастырылуда. Онда зілазадан зардап шеккен азаматтарға азық-түлік, төсек-орын сөйлігі және жеке гигиеналық заттар, межелі мөлшерге толғанда Түркияға жіберілетін болады.

Бүгінге дейін облыс орталығынан жиналған көмек саны көңіл толарлықтай. Аз уақыттың ішінде Сыр халқы 5 тонна төсек-орын, 10 тонна азық-түлік, 2 тонна тұрмыстық зат, 2 тоннадан астам киім-кешек тапсырған екен. Аймақтағы гуманитарлық пункттер апта соңына дейін ұйымдастырылатынын ескерсек, аталған көрсеткіш әлі де көбейері сөзсіз.

– Осыдан екі апта бұрын жергілікті кәсіпкерлер мен Сыр волонтерлері сол жағалауда орналасқан «Жастар ресурстық орталығының» ғимаратында гуманитарлық көмек жинау пунктін ашты. Онда төсек-орындар, тұрмыстық-шаруашылық және жеке гигиеналық заттар, азық-түлік, киім-кешек топтастырылып, арнайы жүк көлігіне тиелді. Қазір қаладағы «Тағзым» алаңы мен Жастар ресурстық орталығының жанынан апат аймақтарына арнайы дайындалған гуманитарлық көмек тиелген жүк көліктері жолға шығуға дайындық үстінде, – деді облыстық «Жастар ресурстық орталығы» КММ

директорының орынбасары Ерлан Сисенбиев. Бүгінде Қызылорда қаласындағы гуманитарлық көмек қабылдау пункті облыстық ресурстық орталық пен Тағзым алаңы жанында ұйымдастырылуда. Айтпа кетерлігі, иіг іске аймақтағы беделді мекемелер – «DALA-TEX» пен «Абай Дәулет» компаниялары да үлес қосты. Аудандағы орталықтар да осы мәндел жобаны жүзеге асыру үстінде. Ерлан Мырзалыұлының сөзінше, апта соңында аймақтағы барлық пункттен жылу жиналып, ерікті жастардың көмегімен сұрыпталып болады. Кейін ол Алматы қаласына жөнелтіліп, артына Түркияға жіберіледі.

Берен ШАҒЫРОВ

## ҚҰРІШ НЕГЕ ҚЫМБАТ?

Қай мемлекеттің болмасын экономикалық өл-ауқаты халқының өмір сүру сапасы мен әлеуметтік жағдайынан көрініс табады. Өңірдің экономикасына әсер ететін басты өнімнің бірі – Сырдың құршіі. Алайда құрші бағасының уақыт өткен сайын қымбаттауы қызылордалықтардың «көрсесіне қарай көсілуіне» себепші. Тұрғындар үшін басты қажеттіліктің бірі болғандықтан азық-түлік өнімдерінің бағасы өзектілігін жойған емес. Алайда аграрлық аймақ саналатын Сырда құрші бағасының қымбаттауына не себеп? Құршілілердің биыл елге егуге ойланғы отырғаны рас па? Тұрғындардың сұранысы мен өндірушілердің бағасы таразыға түссе, тең бола ма? Әлеуметтік желіде де, сауда орындарында да қызу талқыға түсіп жүрген мәселенің мәнісіне үніліп көрсек.



ҚР Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі облыстағы құршілі қайта өңдеуші-өндірушілерге қатысты бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнаманың бұзылуын тергеп-тексеруді бастады. Агентаікті құршілі сатудың тауар нарығына талдау жүргізіп, оның барысында шикізат бағасының ең жоғары өсуі 2022 жылғы мамырда 16%-ға, қыркүйекте 19%-ға төмендегенін анықтаған. Статистикалық деректерге сәйкес, Қазақстанда құрші бағасының өсуі өткен жылы 36% құрады. Қазіргі уақытта құрші бағасының өсуі жалғасып, жыл басынан бері 5,2% құрап отыр. Құрші өндірушілердің айтуынша, өсім шикізат бағасының өсімімен байланысты (шалы, газарылмаған құрші), өндіуден кейінгі өнімді құны мен өнім тәжірибесінің өсуіне әкелген. Өз кезегінде, ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер судың аздығы (ҰСБ деректеріне сәйкес 10%-ға), тыңайтқыштар, қосалқы бөлшектер бағасының қымбаттауы себебінен құршінің егіс алақтары қысқарғаны туралы айтады.

Осыған байланысты 17 ақпанда облыстық кәсіпкерлер палатасында Агромеркәсіп кешені комитетінің отырысында құрші бағасының қымбаттауының себебі мен салдары туралы брифинг өтті. Жиында облыстық кәсіпкерлер палатасының бөлім бастығы Алма Пірманова, облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының бастығы Талғат Дүйсөбаев, кәсіпкерлер, сән түрлі саланың жауапты өкілдері сөйледі. «Сыр елі аграрлы аймақ болып қала ма? Біздер мәселенің себебімен емес, салдарымен күресуе

неге әуеспіз? Қызылорда осы құршінің арқасында аграрлы аймақ атанып жүр. Ауыл шаруашылығы бағытының ішінде осы құрші саласы өгүден бастап, оны өңдеп экспортқа дейін шығару жолға қойылған. Соңғы уақыттағы Сыр құршілілеріне бағытталған кейбір негізсіз айыптауларға қатысты мынаны айтқым келеді, доллар, еуро өсіп жатқанда, тыңайтқыштар бағасы өскенде, гербицид 3 есе қымбаттағанда, дизель отыны мен жабдықтар бағасы шарықтағанда бақылаушы мемлекеттік органдар бытыр көктем, жаз, күз айларында қайда болды?

Осы шыншындыры шаруа немен, қандай қаражатпен жабады, соны ойладыңыздар ма? Шаруа 8 ай бойы далада тер төгіп өсірген құршіні қалған 4 ай бойы сатып, сол қаражатпен жабады. Қазір Сыр шаруалары «құрші өгүмен айналысамыз ба?» деген сауалды өзіне қоя бастаған. Сыр халқының 45%-ының күні көрісіне тікелей әсер ететін құршітен бас тартатын болсақ, Сыр елі аграрлы аймақ деген статусынан айырылып қалуы да мүмкін. Одан бөлек республиканың 90%-ын құршінен қамтамасыз етіп отырған да – біздің өңір. Ең аясы, Қызылорда құрші өндіретін аймақ статусынан айрылса, онда құрші экспорттаушы емес импорттаушы елге айналады. Құрші өндіруде Ресейге тәуелді боламыз...»

– деді облыстық кәсіпкерлер палатасының директоры Пірмұхаммед Сыдықов. 2022 жылы өңірде 78635 гектарға құрші егіліп, жалпы көлемі 395,4 мың тн өнім жиналған. Сыр құрші ТМД және шет елдерге экспортталады.

Апат айтқанда, Түркіменстан, Тәжікстан, Қырғызстан, Ресей, Беларусь, Армения, Өзбйржан, Монғолия, Ауғанстан мемлекеттері сондай-ақ, таяу жылдары өзге де мемлекеттерге құрші өткізу жоспарланып отыр. Ел-жұрт бағаның шарықтағанын айттып, шарқ ұрғанмен, құрші бағасы өзге өнімдермен салыстырғанда бірден емес, динамикалық түрде аз-аздан қымбаттап келеді. Жалпы баға 2021 жылдың тамызында өсе бастаған. Қазақстанның Ұлттық банкі бұған себеп ретінде Ресей тарапынан сұраныстың артауынан аспап өткен еді. Айтпа кету керек, Қазақстанда өндірілген құршінің әрбір төртінші тсннасы Ресейге сатылған.

Алайда өңірде құршінің жетіспеушілігіне мемлекеттен көрсетілетін қаржының қолдауымен азыды себеп болуы мүмкін. Өйткені су тасылуымен қоса, сағалы өнім шығарудың алғышарты болатын – қажетті техника, тыңайтқыш бағасының бірнеше есеуі келеді. Ал құршілілер үшін өнімнің саны ғана емес, сапасы да маңызды.

Аделина МӘДЕЛХАНҚЫЗЫ



# «МАСС-МЕДИА ТУРАЛЫ ЗАҢ»: ҚАЛАМГЕРДІ ҚОЛДАЙ МА, ӘЛДЕ ҚОЛДАУ БОЛМАЙ МА?

**Нуржан Мұхамеджанова, журналист, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері:**  
 – Қазір біздің қоғам үшін өте маңызды уақыт. Біздің бұқаралық ақпарат құралдары енді солдай байқама кезең. Өйткені дәл қазіргі кезде Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің бастамасымен жаңа «Масс-медиа туралы заң» жобасы талқыланды. Барлық журналист әріптестерімді де, журналистика факультетінің студенттерін де осыған неміқрайты қараймын, жауапкершіліктен атсалысуға шақырамын. Себебі бұл өртенгі күні өзіміз қызмет ететін, өзіміз жұмыс істейтін кезеңнің заңы болып қабылдануы тиіс. Өйткені қазіргі кезең осыдан он жыл бұрынғыға мүлдем ұқсамайды.

**Мұрат Жетпісбай, «Егемен Қазақстан» газетінің Қызылорда облысы бойынша меншікті тілшісі:**

– «Бұл заң бұрынғы заңнан өзгекер. Бірақдан бөрі көптің тапқысына түскен «Масс-медиа туралы» заң жобасының тұжырымдамасына қатысты әріптестеріміздің ұсыныс-пікірлерімен танысып келеміз. Байқағанымыз, жобадә қазіргі қолданыстағы «БАҚ туралы» заңмен салыстырғанда көп өзгеріс бар.

Менің ойымша, заң шеңберінде мемлекеттік ақпараттық тапсырысты гранттық қаржыландыру, сондай-ақ мерзімді баспасөз басылымдардың субсидиялау секілді бастамалар ең ауыр өңірлік басылымдар үшін үлкен қолдау болмақ. Осыған дейін теле-радио хабарларын таратудағы мемлекеттік тілдің үлесі жайлы да аз айтып жолдық. Бұрын бұл талапты түрлі айла-шарғымен айтылып өткенді көп еді. Жаңа заң жобасында осы мәселені бастау алды. Енді өзге тілдегі теле-өңірлерді қазақ тіліндегі субтитрмен көрсетіп, есепке жатқызу заңға томпақ болады.

Тағы бір жаңалық – баспасөз картасы. Бұл журналистің мәртебесін белгілеп, журналист пен блогерді ажырату үшін берілетін сияқты. Мына әлде де жетілдіріліп, баспасөз картасын әріптестеріміздің әлеуметтік статусын айқындаудың белгісіне айналдырса деген ұсыныс бар.

**Нұрлан Нұрмаханов, республикалық «Әлімсақ» журналы мен аймақтық «Астаз мәртебесі» газетінің редакторы:**

– Өңіргені әріден бастасақ, журналист – қоғамда үлкен рөл атқаратын идеология сарбазы. Журналистің қызметі кеше-бүгін басталған жоқ. Ол өткен ғасырда қазақ санасына сілкініс жасаған Ахметтердің кезіндегі «Қазақ» газетінен бастау алды. Сондықтан, бүгінгі жағдайда қоғамда оның қызметі өзгерген жоқ. Бағыты да сол. Қоғамның дамуына үлес қосушы, осы ретте өзінің идеологиялық сөзін айтушы маман есі. Бұрын бірнеше газет пен екі телерадио ғана жұмыс істесе, тәуелсіздік жылдары олардың саны артты. Тәуелсіз баспасөздің дүниеге келген бастады. Бұл ретте бұқаралық ақпарат құралдары дамуы кезеңің төрт ондыққа бөліп, қарастыруға болады. Оның әрбірінде сала мамандары ел дамуына маңдай терін төкті деп толқы айта аламын. Қазір біз үшін он жылдықтамыз. Бүгінде ақпараттық салада өзгерістер бар. Журналистердің өздері бара алмаған жерге сөзі барады. Әлеуметтік желі пайдаланушылары да өзінің мұң-мұқажын, наразылығын білдіретін болды. Десек те, аталған заң жобасында бұл бағытты да ресми түрде тану кергі айтылған. Меніңше, бұл қате. Өйткені, оған себеп те жоқ емес.

Әлеуметтік желі блогерлері журналистер туралы заңға кірістірудің қажеті жоқ. Тіпті, кей жағдайда ресми журналисті «Сіздің фото-видеоға түсіруге құқыңыз жоқ» деп тоқтатып жатқандар әлеуметтік желі блогерлерінің алдында мауқарсыз қүй көрсетіп отыр. Одан бөлек, кей төтенше жағдайда жәнетті мекемеден заңды түрде сұрынсы хат жолдап, журналистер кері байланысты тағарыса тосып жүргенде әлеуметтік желіде өлдекімдердің жазған жазбасының астына өлгі журналист хат жазып күткен ақпаратты 3 минутқа жеткізбей, жауап ретінде білдіріп отырады. Бұны қалай түсінеміз? Ал әрбір ақпаратты жариялар алдында арнайы рұқсат алып отырамын болсақ, онда сөз бостандығы қайда? Ал «Баспасөз картасы» туралы келіспеймін. Өйткені, осы қартаны беру – журналистерді бағынышты етуге қадам болуы мүмкін.

**Марат Бөйділдаулы (Тоқашбаев), жазушы-публицист:**

– Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі әзірлеп, Е-ғос сайтында жарияланған «Масс-медиа туралы» Заңының жобасымен танысып шықтық. Бұрын ауызша Баспасөз туралы заң деп айта беруші едік, бұл жоба «Масс-медиа туралы» деп аталыпты. Жоба үстіміздегі жылғы 2-ақпанда ұсынылыпты да тапқылау 16-наурызға дейін жалғасады екен. 70 баптан тұратын жоба ұзақтау көрінген. Сөйтсек бұл жоба іс жүзінде Қазақстан Республикасының



«Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» және «Телерадио хабарларын тарату туралы» екі Заңды бір атаумен біріктіріп отырғаны байқалады.

Жобаның басты артықшылығы мұнда журналистің құқықтары мен міндеттері барынша нақтыланып, журналист мәртебесі тұңғыш рет белгіленіліпті. Отыз жылдан бөрі айтып жүрген мәселеміз. Ол үшін журналистерді басқа жазыштардан ажырататын «пресс-карта» енгізілуі де мен үшін құлтарлық қадам. «Баспасөз картасы» журналистің жоғары білімі бар, БАҚ-та кемінде үш жыл, дипломы жоқтарға кемінде бес жыл тәжірибесі бар азаматтарға беріледі. Бұл әрі қарай журналист мәртебесін иеленгендердің әлеуметтік жағдайын шешуге де ықпал етсе жасы болар еді. Әрине, мұндай қиғдалар блогерлерге, интернет ресурстарда жұмыс істейтіндерге жақылау мүмкін. Меніңше



оларға арналған басқа заң жобасы әзірленгені дұрыс болар еді.

Қосымша айтарым, уәкілетті органның бақылау-құдағалау қызметін демократиялық талаптар ескеріле отырып жасалғаны дұрыс ба деймін. Осы тұрғыдан алғанда Бұқаралық ақпарат құралдары қызметінің мәселелері жөнінде республикалық және өңірлік қоғамдық-кәсіптік кеңестер құру (41 бап) қажеті бар ма деген ой келеді. Әрине, жобаның ұсақ-түйек кемшін тұстары болуы ықтимал. Жапты алғанда бұл жоба алдағы уақытта масс-медиа саласының жемісті жұмыс істеуіне өлден жарап тұр. Сондықтан қааламдас әріптестер, жобаға қолдау көрсетейік!

**Тұлжазира Жалғасова, облыстық «Сыр бойы» газеті бас редакторының орынбасары:**

– Жаңа заңның жаңалығы – «Баспасөз картасы» туралы алдымен Ашық НҚА ресурсыннан оқыдым. Бұл картаны уәкілетті орган «Журналистика мамандығы немесе соған байланысты мамандық бойынша жоғары білімі, бұқаралық ақпарат құралдары саласында кемінде 3 жыл жұмыс тәжірибесі бар маманға беретінін білдім. Дипломы болмаса, бұқаралық ақпарат құралдары саласында кемінде 5 жыл жұмыс тәжірибесі құпалады екен.



Шындымы айтсам, заң жобасындағы «Егер журналист редакциямен еңбек немесе азаматтық-құқықтық шартын бұзса, үш жұмыс күні ішінде баспасөз картасын беру жөніндегі комиссияны жазбаша немесе электрондық нысанда хабарда етеді және шарт бұзылған сәттен бастап үш ай ішінде жұмысқа орналасуға міндетті»



жаңа заңның жаңалығы деуге болады. Гранттық қаржыландыруға кезең-кезеңімен көшу ұсынылған. Іске асырудың негізгі қағидаттары – грант бөлу кезінде мемлекеттің қатысуын қысқарту және барынша ашықтықты қамтамасыз ету, оның ішінде гранттың іске асырылуын мониторингтеу тәтігін енгізу. Сондай-ақ саланы қолдау шаралары ретінде субсидиялар бөлу жоқпарланып отыр. Жобаны жасаушылардың болжамына, бұл заң өзіміздің масс-медиа қызметі үшін құқықтық



негіздер жасалып жатқанын нормативтік негізін тұжырымдамалық жаңартуға мүмкіндік береді. Заңды қабылдаудың теріс әлеуметтік-экономикалық салдары болмайды, ол БАҚ тәуелсіздігін, қызметінің ашықтығын қамтамасыз етеді. Бәсекеге қабілеттілігін арттырады, журналистердің мәртебесін көтеруге, БАҚ-қа сенімнің артуына, қаржыландыру көздерінің ашықтығын қамтамасыз етуге негіз болады.



Яков Федоров, ҚР Мәжілісінің кандидаты:

Сөз бостандығы ешқашан шектелмеу керек. Тек бір ғана жағдайда шектеу қюға болады. Егер де мемлекетіміздің қауіпсіздігіне, бірлігі мен біртұтастығына қауіп төндірер жағдайда ғана шектеу қойылуы керек. «Масс-медиа туралы» Заң



Қаламның қасиетін ұғынып, сөз өнерімен қоғамның жүгін арқалаған бұқаралық ақпарат өкілдеріне қатысты таяуда «Масс-медиа туралы» заңының жобасы әзірленген болатын. Аталған заң жобасы бүгінде қызу талқыға түскен. Журналистердің жолын аша ма, әлде кезең-кезең кедергі бола ма? Бұл бағытта әріптестермен пікірлесіп, олардың ойын білдік. Назарларыңызға ұсынып отырмыз. Айтпақшы, аталған заң жобасының бір ерекшелігі, мұнда ресми БАҚ өкілдерімен қатар онлайн платформа қолданушыларды да ресми түрде тану кергі көзделген.

Бұл бастаманың қалай іске асатыны бізге белгісіз. Бірақ журналистиканы әлдеқашан алға шықты. Небір стренгер, фрилансерлер бар. Олар нағыз азаматтық қоғамның мұң-мұқажын жеткізіп, өлді жолын айтып жүрген жаңдар. Ал егер қатан шектеу қойып тастаса, олар өзінің негізгі моіына алған міндетін орындай алмайды. Блогерлер де сол тәрізді. Қазір «Естінің ашық үкімет» ұғымы кеңінен қолданылады. Блогерлерге де, стренгер мен фрилансерлерге де мүмкіндік берсін. Біз оларды қысып, шектей бермеуіміз керек. Ал мемлекеттік мекемелер баспасөз хатшыларының сапалы қызметтерін ұйымдастыра білсін. Иә, бұл – негізгі мәселе. Мемлекет маманға мұңтаж салаларға гранттарды көптеп бөлуді қолға алыс. Азаматтардың құқы қорғалған жағдайда ғана біз өз білімімізді өңсере аламыз.

**Асыл Оразова, Қорықт ата атындағы Қызылорда университеті журналистика мамандығының оқытушысы:**

– Бұл заң жобасы журналистердің статусын айқындап, индустрияның дамуына берген бір дәрежеде ықпал етеді. Қаламы ұстаған қауымның ұсынып отырған түзетулері ерекше жағдайларда кәсіби қызметтерін түзете алатынын, біліктілігін арттыруда көмектесе алатынын министр атап өтті. Мен заң жобасында айтылған



Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2019 жылдың 11 маусымында баспасөз мәслихатында айтылған сөзінен.

«Баспасөз картасы» партиялық билет тәрізді деп ойлаймын.

Турникеттің өзі тексеріс үшін істелген нәрсе тәрізді. «Баспасөз картасында» төтенше жағдайлардағы журналистердің арапасуын білік ретпен отырады делінген. Бұл «Баспасөз картасы» алу үшін журналистер журналистиканы оқу керек, бұл салада кемінде 5 жыл жұмыс істеу керек, дипломы болу керек деген талаптар бар. Ал қазір экономика, журналистика деген бар. Мысалы, экономика, филология, медицина салаларын бітіріп, журналист болып жұмыс істеп жүргендер бар. Мұны біз бігүнмен емес, ары Алаш зиялылары кезеңің-ақ алсақ болады. Мәселен, Әліхан Бөкейханов та журналистика оқымаған. Бірақ осы салада өлеулі ықпал етіп, тарихта аты қалды. Осы ретте «Баспасөз картасы» жұмысқа түру кезінде көп кедергі болатын тәрізді. Кемінде 3 жыл жұмыс істеген және сотталмаған болу керек деген бар. Бұл ретте де түрлі жағдайлар болады, қандай жағдайда сотты болды деген мәселені де пісіру керек тәрізді. Отың нормасын білік жариялауы деген жеріне көпшіліктің кеңілі томай тұрған сыйайлы. Ең бірінші қорықшы, сөз бостандығының болмауы. Сөз бостандығы шектелген елге айналу қауіпі де бар. Мәселен, төтенше жағдай кезінде бір жерден рұқсат алып, біреудің келісімі алу керек болса, ақпаратты дер кезінде қалай жариялаймыз? Бұл енді бір ғана қарапайым мысал. Өйтсе де, министр мұның барлығы журналистердің беделін көтеріп, қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағытында жасалып жатыр деді. Бірақ, жұмыс барысында мұның барлығы қалай орындалады деген сауал бар. Біз университетте сабақ беріп жүрміз. Салалық журналистиканы дамытуға назар салудамыз. Бұл іске де қолпайылау болатын сияқты. Кім қандай салаға бейім, соған барады. Бір күнде өзін тану, өзін табу мүмкін емес. Бұл өзге мамандықты алып шығып, оқу бітірген соң қабілетіне қарай журналист болуды қалайтын жастарға үлкен кедергі болатын тәрізді.

Кейбір деректерде Қазақстан өлемнің 160 мемлекетінің ішінде сөз бостандығы тұрасында 120-сының орында тұр деп көрсетілген. Әркімнің өз ұсынысы мен ой-пікірі, парасат-пайымы бар. Десек те, сөз бостандығы жоқ өлдің өз бостандығы бола ма? Оны да ойлаған жөн тәрізді. Қайткен, күнде де «Кенесіп пішкен тонның келте болмайтыны» анық. Ал «Масс-медиа» туралы заңның өлі де тек жоба екені белгілі. Өлі де талай таразасындағы бұл құжатты қабылдауға ұтымды ұсыныстар мен талап-тілектер ескеріледі деген үміттеміз.

# АЛДЫМЕН ӨЗІМІЗГЕ ӨТІРІК АЙТПАЙЫҚ

– Нұрлан аға, біздің жұрт сынауға, адамға баға беруге құмар. Сіздің әлеуметтік желі арқылы сұрақ-жауап форматын қолданып, қалыптан тыс жауап беретінізді сынағандардың қатарында дін саласының мамандары да жетерлік. Жеке басыңызға қатысты сынды қалай қабылдадыңыз? Елдің діни сауатын арттыруға, қарапайым жаттауды түсініктерден арылып, басқаша көзқарас қалыптастыруға әлеуметтік желінің қауқары жете ме?

– Бізде Кеңес дәуірінен қалыптасып қалған молданың стереотипі бейнесі бар. Ол елден кайыр сұрай беретін сорлы адамның бірі болуы керек. Басына сәлде, үстіне ескі шапан киіп, есекпен жүре қажет. Осы стереотипті бұзып, керісінше имам-молданы халықтың заманауи рухани ұстазы ретінде көрсеткім келді және осы бағытта жұмыс жасап келемін.

Жастардың үніне құлақ түріп, тілдесе білуіміз керек. Оларға неге қолдау көрсетесің? «Анау харам, мынау харам» дегенімізге бақандай отыз жыл өтті. Одан не өзгерді, жалпы нені өзгерттік? Нені өзгертіміз келеді? Отызға келген адам да «Мен осы не бітірдім?» деп ойланатын шығар. Сондықтан бүгінгінің мінбери әлеуметтік желі болып тұрғандықтан, оны бос құюға хақымыз жоқ. Әлеуметтік желіде контент жасап, күш жігерімді салып, кірісуіме рух берген осы жастар болды. Әлеуметтік желіде әртүрлі контенттерге отырады. Алайда әлеуметтік желінің қайсысы болсын, бір ғана мәселе – адамның желіні қолдана білуінде. Маған қазақ жастарының сол желіден алып жатқан діниеті маңыздырақ. 2 жыл ішінде 285 миллион қарапайым болды. Демек әлеуметтік желіде күш бар.

Ал жауаптардың сан қилы болуы табиғатынан шығар. Кеңілді жүргенді, әзілдескенді жақсы

көретін жанмын. Әрі жастардың назарын аударып, тыңдата білудің бір тәсілі дейік. Бастысы мұның бәрі пиар үшін емес екенін нақты айта аламын. Әлеуметтік желіде белсенді болып, жастармен диалог жасаудағы ниетім – дін мен діни фанатизмнің аражігін ажырату, жастардың дінде деген дұрыс көзқарасын қалыптастыру, жүрегіне демеу беріп, үмітін жалғау, жақсылыққа шақыру. Бастапқыда бәрінің күлгенін білемін. Әріптестерімнің арасында да сырттан күліп, мысқылға айналдырғандары бар. Бірақ сығна әрекетіміз. Маған атақты болу маңызды емес.


– Дінде жақын қыздарымыз оранып, хиджаб киіп жатыр. Осыған байланысты білім беру ошақтарында түсініспеушіліктер орын алып жатады. Сіздің де, біздің де өжеміз, анамыз орамал тақса да, хиджаб киімеген...

– Біз – Құдайдың жаратылысымыз. Пенденің пендесін айырмашылығы білімдіміз, мінезінде, бір рет берілген өмірін, уақытын қалай өткізгенінде. Демек пенде ретінде басқалардың не киетініне, орамал таға ма, хиджаб кие ме, қарсы болуға хақымыз жоқ. Қалай киінетінін әркім өзі шешеді. Алайда «бір құмалақ бір қарын майды шіртеді» дегендей, айналымдағы бір оранған қыз барлық орамал таққандарға кір келтіріп, оларға деген көзқарасқа әсер етуі мүмкін. Мәселен, өткен жылы оқушы қыздың басынан орамалды жұлып жатқан директордың видеосын көріп, сол мектепке іздеп бардым. Директор мені жылы қабылдап, ашық әңгімелесті. Сөйтіп, мәселенің мәніне үнілсек, орамалы емес, қыздың соған пайлық әрекет жасамауында өкен. Маған бейнетаспаға жазылып қалған орамалдағы оқушы қыздың басқа қыздармен ұрысып, неше түрлі боқтық сөзді анық айтқанын көрсеткенде, қыздарды. Осы ақтап алуға барғаным ұялдым.

Шынымен. Әрине, тақуалық бар. Ешкім қой демеяді. Бірақ жалаң сөзге келгенде тілі 2 метр, біреуді жамандағанда 3 метр болса, мұның не керекі бар? Орамал тағуға, орануға шектеу қоя алмаймыз. Бірақ адам соған лайықты болуы керек. Сөзі ісіне, ісі кіміне, кімі ниетіне сай болу қажет. Сонымен бірге орамал таққан қыздар орамал тақпағандардан өзін артық санамағаны жөн. Ешкім ешкімнен кімі үшін артық не кем бола алмайды. Жасандылықтың не керекі бар? Тақуа боп көрініп, аузынан ақ ит кіріп, көк ит шығатындар, қоғамда сыпайы болып, оранып жүріп, үйіндегілермен дәрекі сөйлесетіндер бар. Шын мәнінде нағыз махаббатыңды көрсетің, көңіліңді бөлетің, сыйлайтын адамдар – отбасы. Мінісіз болғымыз келеді. Болып қорығуымыз, тырысамыз, бірақ бола алмаймыз. Жақсы жоқ, барды бар деп айту керек. Біреуден жинайлылықты күтпес бұрын өзімізге өзіміз шыншайы болайық, ең бірінші өзімізге өтірік айтпайық.

– Соңғы уақытта орын алып жатқан Түрік елінің, Сириядағы табиғат апаттарына көптеген имамдар, уағызшылар қауырмамының белгісі деп ат беріп, халықтың үрейін алуға. Бұл қаншалықты дұрыс? – Әрбір 8-9 жылдың айналымында Меккеде нәсерлі жыл болады. Жанбыр көп болған жерде, су болады. Су болған

жерде көк шығады. Соған қарап, осы жақын арада шетелде орын алып жатқан жайттар секілді «қойбай, ағырзаман келді», «мынау ағырзаманның белгісі» деп даурығудың қажеті жоқ. Мүмкін, осындай жағдайды пайдаланып, ағырзаманды айтып қорқытсам, әсерлі контент



**Жастар мен аға буының арасындағы ашық диалог – баянды болашақтың кепілі. Өйткені ақыл үйрететіндер көп те, жасөспірімдер, жас жеткіншектермен ашық сөйлесіп, тең дәрежеде тілдесетіндер аз.**

**Жақында «Тик-токер молда» ретінде танылған имам, дінтанушы, теолог, психолог Нұрлан Байжігітұлы Сыр өңіріне қонақ болып, облыстық «Жастар ресурстық орталығының» ұйымдастыруымен студент жастармен кездесіп, рухтанат тақырыбын талқыға салды. Имаммен сұқбаттасудың сәті тұрлық.**

жасап, оқырман жинаймын, қаралым жасаймын деп ойлайтын шығар. «Өрсең» деп қорыққаннан не пайда? Адамзат баласына өмір барда бір өлімнің де бар екені хақ. Демек қорықудың, қоржудың керекі жоқ. Керісінше, Құдайдың өзі жаратқан әр туындысын, әр адамды, тіршілік иесін жақсы көретінін ұмытауымыз керек. Құдайға сенетін адам бүкіл мешіт кірап, ел-жұрты судың астында қалса да, сенеді. Біреулер

аспаннан «Алла» деген жазуды оқыды деп мақтанып жатады. Оқыса, не болыпты? Адамның бәрі құдайын танып, сеніп кетті ме? Шыншайы боламын. Адамның жануардан айырмашылығы – ақылдына, жан-дүниесінде. Ақылмызға берік болайық!

– Өдемі өңгіменіз үшін рақмет, аға!

**Сұқбаттасқан Дина БӨКЕБАЙ**

**Қала құрылысының қарқынды қандырауы**

**Соңғы жылдары Сыр өңірінде сәні мен салтанаты жарасқан құрылыс нысандарының қатары артты. Ел игілігі үшін іргетасы қаланып жатқан қаладағы әр ғимараттың өз ерекшелігі бар. Бастысы құрылыс алаңындағы сапа мәселесі жолға қойылса, халықты сүйіншілейтін жаңалық көп болары сөзсіз. Осы арада биыл аймақта өңсе көтерген жаңа нысандар жайлы айтуды жөн көрдік.**

Құжаттардың сақталу талаптары бар. Температура, ылғалдылық белгілі бір деңгейде болуы тиіс. Жаңа неке кию сарайында азаматтық хал актілерін жазу бөлімі қызметі үшін барлық жағдай жасалатын болады, – дейді облыстық құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы бөлім басшысының міндетін атқарушы Мұрат Бекенов.

Заманауи архитектуралық талаптарға сай салынып жатқан екі қабатты ғимаратта неке қиятын, салтанатты жиын өткізуге, мерекелік шараға арналған залдар, еңішкілерді қабылдау кабинеті, тағы басқа қажетті бөлмелер қамтылады. Азаматтардан өтініш қабылдау, неке кию актілерін тіркеу, қызметкерлерінің жұмыс орындары да назарға алынған.

Құрылыстың жер көлемі – 856 шаршы метрге жуықтаса, ғимараттың жалпы ауданы – 2100 шаршы метр. Ал оның

мезгілінде ішкі-сыртқы жұмыстары қолға алынады. Күмбезді ғимарат толықтай мөрмөрмен, ал сыртқы бөлігі травертинмен қапалады. Бір қуантарлық жайт, нысанды салу барысында қолданылатын құрылыс заттарының 90 пайызы – қазақстандық өнімдер. Құрылыс жұмыстары тамыз-қыркүйек айларында аяқталып, халық игілігіне беріледі деп күтілуде.

Биылғы жыл аймақ азырын асықпай, дол додасында сығна түсіп жүрген «Қайсар» командасының жанкүйерлері үшін де сәтті бастанды. Себебі аймақ басшысы Сырдың сол жағалауында 7 мың орындық жаңа стадионның құрылысы басталатынын мәлімдеді. Құны 5,6 миллиард теңгеге жобаланған стадион «Саутс Сити» компаниясының демеушілігімен жүзеге асады. Ресейдің Краснодар қаласында 12 миллион долларға аз уақыттың ішінде 10 мың орындық жабық стадион салынғанын ескерсек, заманауи талаптарға сай орталықтың келушілерді көп құттырмайтыны үміт мол.

Аймақ тұрғындары үшін кәсіпкер, меценат Марат Дүйсенбаевтың демеушілігімен салынып жатқан «Анаға Тағзым» орталығының да маңызы өреше. Улттық құндылықтарды насихаттап, салт-дәстүрді дәріптейтін орталық мамыр айында ел игілігіне беріледі деп жоспарланады. Мұнан бөлек, өткен жылы бас шағарда бой көтерген қан орталығының құрылыс жұмыстары да қарқынды жүргізілуде. Бас мөрдігер «СК Дәнекер» ЖШС мекемесіне жүктелген үш қабатты нысанды қазіргі таңда оның компоненттерін донациялау көрсеткіші 500-10000 дейін артапты болады. Сыр медицинасына елеулі үлес қосатын нысандар қатарында сол жағалауда іргетасы қаланатын көпбейінді 300 орындық аурухана да бар. Одан бөлек, Қорқыт ата халықаралық әуежайының жаңа терминалы мен 400 орынға арналған физика-математика нысандары қолданысқа беріледі. Жоғарыда айтылған құрылыс нысандары қолданысқа беріледі. Бұл көрсеткіш биыл да жоғары деңгейге көтерілетіні анық.

**Е.ЕРТАЙҚЫЗЫ**

Қаланы ерекше ренге бөлеп, тұрғындарға жан-жақты қызмет көрсететін нысанның бірі – Өнер орталығы. Облыс әкімінің тапсырмасы негізінде Сұлтан Бейбарыс көшесінің бойында салынатын ғимаратта 2,0 гектар жер көлемі белгіленген. 1000 орынға арналған көпфункционалдық мәдениет нысанының символылық, эстрадалық және ұлттық өнер бағытындағы концерттік бағдарламалары мен түрлі форматтағы қоғамдық іс-шаралар өткізуге арналған. Ал жобаның жалпы құны – 3,7 миллиард теңге.

Бүгінде құрылыс алаңында 40-қа жуық адам жұмыс істедуде. Ал құрылыс жұмыстарын жүргізу құқығы «СМПТ Қызылорда» ЖШС мөрдігер мекемесіне жүктелген. Екі қабатты нысан заманауи талаптарға сай жабдықталып, биыл қолданысқа беріледі деп күтілуде.

– Негізгі құрылыс жұмыстарын былтыр күзде бастадық. Қазір қыс мезгілі болғандықтан жұмыс тоқтап тұр. Оның үстіне моноклит құюға көп адам керек емес. Қаржыдан мәселе туындамаса, жұмысшылар уақыттен санаспай, істің іттері жалғуын мақсат етеді. Қазір нысанның астыңғы қабатын салып қойдық. Көктемде негізгі бөлігіне көшіміз деп отырмыз. Сол кезде жұмысшылар санын да көбейтетін боламыз. Техникалар жеткілікті, – дейді мөрдігер мекеме директоры Тейірхан Әлімқұлов.

Сыр сәулетіне сән беріп, эстетикалық тағаммен бой көтерген жаңа ғимараттың қатарында «Неке сарайы» да бар. Өткен жылы іргетасы қаланған бұл нысанның жаңа өмірге қадам басатын жастар үшін жөні бөлек. Себебі бақытты әрі жауапкершілік жоғары кезеңде неке құжатын табыстайтын салтанатты орынның жоқтығы айқын білінетін. Осыған дейін отау құруға ниетті жандар есімі ғимаратта орналасқан азаматтық хал актілерін тіркеу мекемесіне табан тірейтін. Енді бұл оқпалықтын да орны толады деген сенім бар.

Айта кетейік, жобалық құны 1,5 млрд теңгені құрайтын «Неке сарайы» бас жобалаушы – «Крез-Сервис» ЖШС. Ал мұндағы жұмыстың уақытылы әрі сапалы өтуіне «Авангард-ПГС» ЖШС мекемесі жауапты.

– Бір ескеретін жайт, қала тұрғындарының саны жыл сайын көбейіп жатыр. Сол себепті қалалық АХАЖ бөлімінде сақталатын құжаттардың да саны артауда. Мұрағаттағы

сыйымдылығы 110 орынға негізделген. Қазіргі таңда құрылыстың бірінші қабаты бітуге таяу, ал көктем

# АРАЛДЫҢ ҚАҰЙҒЫНА СҰРАНЫС КӨП

Ж.Нысанбаев ауданда алғашқылардың бірі болып жиһаз шығаруды жандандырды. Қажетті қондырғы сатып алып, шағын бөлмені жалға алу арқылы өзінің кәсібін бастаған еді. Кейін «Бизнестің жол картасы – 2020» мемлекеттік бағдарламасының тиімділігін пайдалана отырып, қорпұсты қатқыл жиһаз шығаратын цех ашқан болатын. Ал бүгінде бизнесін кеңейтіп қана қоймай, оны әртараптандыруға мүмкіндік алды. Бүгінде жиһаз цехы ауыл аймаққа қажетті барлық түрдегі жиһазды шығарады. Яғни, шкаф, ас үй гарнитурасы, сөре, стеллаж секілді жиһаздар жасауда. Бір артықшылығы, жиһаз жасағанда дайын үлгі емес, тапсырыс берушінің талабына үлкен мән беріледі. Дизайн, материал сапасы, жеткізу мен жиһазды

құру қызметі де қарастырылған. — 2009 жылдан бері жиһаз жасаумен айналысқан болатынбыз. 2013 жылы аудан орталығынан ғимарат тұрғыздық. Ал қайық өндірісін қолға алу идеясы 2016 жылдан бастап жүзеге асқан еді. Оған себеп болған кіші Арал теңізінің толуы, балықшылардың көбейуі екені даусыз. Балықшылардың басты құралы су көлігі болғандықтан сұраныс жоғары. Оның үстіне қолданыстағы қайықтардың басым бөлігі көнерген, суда жүзуге жарамсыз. Салдарынан қайғылы оқиғалар орын алуда. Біз мұның алдын алу үшін осы шешімге келдік. Суда қауіпсіздікті күшейтетін қауіпсіз қайықты шығаруды ойластырдық, – дейді кейіпкеріміз. Кәсіпкердің сөзінше, қайықты жасау технологиясы ерекше. Өнім пластиктен құрастырылады.

2016 жылы сынақтан өткізіп, 2017 жылы басқа үлгілерді қоса бастаған. Осылайша, үшінші жыл дегенде сынақтан өткен дайын өнімдерді сатылмай шығарған екен. Өсіресе, балықшыларға ыңғайлап, құрылымын ақылдасып, бір жүйеге түсіруге мүмкіндік алынды. Нәтижесінде, қазіргі таңда айына 6-7 қайық дайындайды. Сұраныс тек Арал өңірінен емес, Қазақстанның түкпір-түкпірінен түседі. Сұраныстың мұнша артуы қолжетімді бағадан туындаса керек. Бүгінде өндірісте 8 адам жұмыс істейді. Жаңа ғимарат жұмыстары аяқталса, тағы 5 адамды жұмыспен қамту жоспарланған. Кәсіпкердің басты мақсаты – отандық бренд қалыптастыру арқылы Қазақстандағы өндіріс сапасын жаңа деңгейге көтеру. Жұмыс жайын ескерсек, бұл арманның жүзеге асуы да алыс емес секілді. Осы уақытқа дейін 100-ден аса қайық шығарылған екен. Бағасы 450 мың теңгеден басталады. — Бұған дейін шеберлер қайықты пішінін жасау, желімдеу, бояу



**А й д ы н д ы** Арал туралы сөз қозғалғанда алдымен балықшылар көз алдымызға елестейді. Бала кезден сүйіп оқыған Өзлхан Нұршайықовтың «Қан мен тер» романында олардың тұрмыс-тіршілігі, бастан кешірген қиындығын айқын бейнелеген. Содан болар, шалғайдағы ағайынның ахуалын үнемі назарда ұстауға тырысамыз. Бүгінгі жарқын жаңалық да теңіз жағалаған тұрғындардың кезекті қуанышынан хабар беретіндей. Олай дейтініміз, ауданда аралдық кәсіпкердің көмегімен көнерген қайықтың барлығы жаңаруда. Жансерік Нысанбаев алғашқы шыны пластиктен ескеткі қайық шығаратын кәсіпорынды іске қосып, өндірісті жөнге қойды. Жаңа кәсіптің тізгінін ұстаған кәсіпкер бірнеше жылдан бері қайық жасау өндірісін қолға алып келеді. Өнімге өзге қалалардан да сұраныс жоғары.

жұмысын қолмен істеген болатын. Қазір бұл процестің жартысы автоматты қондырғы көмегімен жүзеге асады. 4 түрлі қайық түрін жасау еш қиындық туғызған емес. Шикізат Еуропадан әкелінеді. Айта кетерлігі, 3 күнде бір су көлігін құрастыруға мүмкіндік бар», – дейді ол. Бүгінде қайықтар Арал және Қазақстанның

барлық өңірлеріне жеткізіліп жатыр. Қазіргі таңда жиһаз және қайық өндірісі толық қуатпен жұмыс жасауда. Болашақта шыныталшықты құрылыс материалын өндіру жоспарда. Яғни, кәсіпкердің негізгі ұстанымына айналған отандық өндіріс саласын дамыту мжесі алыс емес деген сөз.

Мөлдір САБЫРЖАН

Білетініміздей, осыдан бес жыл бұрын кәсіпкерлік қызметті тіркеу және салық тапсыру жүйесі жеңілдетілген болатын. Содан бері көптеген азамат бизнес бастауға мүмкіндік алып, Қазақстан саладағы қолайлы орта құру бойынша алдыңғы қатарға шықты. Оның ішінде қажетті қызметтерді онлайн алу арқылы, кәсіпті жылдам тіркеу мүмкіндігі ерекше назарда болғаны шындық. Ал биылғы ахуал қай деңгейде? Жеке кәсіптің салық жүйесінде недей өзгеріс бар? Аталған сауалдарға жауап іздеп көрейік.

Қазақстанда жеке кәсіпкерлікті тіркеудің өдісі көп. Салық органына құжат тапсырып, ескі тәсілді қолдануға немесе уақыт үнемдеп, онлайн қызметке жүгінуге де құқыңыз бар. Көбі соңғы нұсқаны таңдап, үйде отырып-ақ кәсібін тіркеуге көшкен. Онлайн-сервисстер, яғни, «электронды лицензиялау» порталы немесе Egov, Halyk Bank және Kaspi.kz мобайл қолданбалар арқылы тіркеуге болады. Биыл бұл бағытта аталғандай жаңалық жок. Ал, жеке кәсіпкерлерге салынатын салық жүйесіне өзгеріс енді. Атап айтсақ, 2023 жылдың 1 қаңтарынан бастап жекелеген кәсіпкерлік субъектілерін тексеруге және шағын кәсіпкерлік субъектілерінің бірқатар санаттарынан салықтан босату жеңілдігінің мерзімі аяқталды. Енді 1,2 миллионға жуық шағын және микробизнес өкілдері қайтадан табыс салығын төлеуге мәжбүр болады. Есте болса, 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап 2022 жылғы 31 желтоқсанға дейінгі кезеңде арнаулы салық режимдерін қолданатын шағын және микробизнес субъектілері салық төлеуден босатылған болатын. Бұл мүмкіндікті қызметкерлердің орташа жылдық саны 15 адамнан аспайтын немесе орташа жылдық табысы 30 000 АЕК-тен аспайтын компаниялар (микробизнесорындар), сондай-ақ қызметкерлерінің орташа жылдық саны 100 адамға дейінгі және орташа жылдық табысы 300 000 АЕК аспайтын жеке кәсіпкерлер (шағын кәсіпорындар) мен заңды тұлғалар пайдаланғанын білеміз. Елдегі кәсіпкерлікті ілгерілетуге де аталған

артықшылық себеп болғаны анық. Енді, міне, биыл салық төлеу жүйесі қалпына келді. Яғни, жеке табыс салығы, әлеуметтік салық, бірыңғай жер салығы қайта оралады деген сөз. Салық туралы ой тарқатқанда саладағы оң өзгерістерді де айта кеткен жөн. Мәселен, жуырда Kaspi.kz Мемлекеттік кірістер комитетімен бірлесіп кәсіпкерлер үшін тағы бір онлайн сервисті іске қосты. Енді жеңілдетілген декларация негізінде жұмыс істейтін жеке кәсіпкерлер Kaspi Pay қосымшасындағы «Салық» бөлімінде 910-нұсқан бойынша салық есебін тапсыра алады. Бұл өзгерістің мән-жайын ҚР ҚМ Мемлекеттік кірістер комитеті төрағасының орынбасары Азамат Панбаев тарқатып, отандық БАҚ-та мәлімдеме жасаған болатын: «Мемлекеттік кірістер комитеті екінші деңгейдегі банктермен ынтымақтастық аясында Kaspi Pay платформасында шағын бизнес субъектілері үшін 910-нұсанды салық есептілігін қабылдау сервисін тегін іске қосты. Бұл сервис салықты есептеуге, есептілікті жасауға және ұсынуға жұмсалатын уақыты мен міндеттемелерін салық жүйесіне орындауға мүмкіндік береді. Бұл бағытта ынтымақтастық қолайлы жағдай жасап, салық төлеушілер мен мемлекеттің арасындағы өзара іс-қимылды жақсартып отырып,

жалғасын табады». Kaspi.kz-тің басшысы әрі негізін қалаушылардың бірі Михаил Ломтадзе де аталған қадам бизнес өкілдерінің жұмысын жеңілдетуіне сенім білдіріп, компанияның жаңа деңгейге көтерілгенін сүйіншілеген еді. «Kaspi Pay – қазақстандық кәсіпкерлер үшін Kaspi.kz-тің ең танымал қосымшасы. Басты мақсатымыз – кәсіпкерлердің өмірін жеңілдетуі әрі жақсарту. Біздің жаңа «Салық есебі» сервисінің көмегімен жеке кәсіпкерлер енді салық есебін онлайн, жылдам әрі оңай тапсыра алады. Командыларымыз бірлесіп әзірлеген тағы бір табысты сервис үшін Мемлекеттік кірістер комитетіне, сондай-ақ УАТ АҚ пен Цифрландыру

ставкасының жыл сайын ұлғаюы 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарының енгізілуімен байланысты. Сондай-ақ 2028 жылы 1,5%-тен 5%-ке дейін өсуімен, сондай-ақ

бірыңғай төлем төлеушілер үшін 2025 жылы Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдар ставкасының 3,2%-тен 4,5%-ке дейін өзгертін болады», – делінген хабарламада. Жеке кәсіпкерлер бірыңғай төлемді есептік айдан кейінгі айдың 25-нен кешіктірмей төлеуге тиіс. Айта кетейік, бірыңғай төлемдерге жеке табыс салығы, Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына міндетті зейнетақы жарналар, Мемлекеттік әлеуметтік

сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдар, Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына жарналар мен аударымдар және жұмыс берушінің БҰЖҚ-ға міндетті зейнетақы жарналары жатады. Жалпы, аталған өзгерістер елдегі бизнеске қойылатын талаптарды оңтайландыру, кәсіпкерлікті өркендетуге септесе амыланын туса керек. Себебі, қазіргі таңда ресми қолданыстағы 10 мыңнан астам талап жаңа саясатқа сәйкес келмейді. Ұлттық экономика министрінің ақпаратына, кәсіпкерлікті реттеудің 44 саласына талдау жүргізілген. Нәтижесінде 66 жобаға түзету енгізу қажет. Министрдің айтуынша, негізсіз тексеру, артық салық сынды кедергіге енді жол берілмейді. Нәтижесінде 2029 жылға қарай шағын және орта кәсіп иелерінің саны 4,7 млн-ға дейін өседі деген болжам бар.

Берен ШАҒЫПОВ

## 2023: КӨСІП ТАМАБЫНДА ҚАНДАЙ ӨЗГЕРІС БАР?

министрігіне рақмет айтамыз!» – деді ол.

Мұнымен жеке кәсіпкерлікте жаңалық түгесілмеді. Ендігі өзгеріс бірінші төлем төңірегінде болмақ. Биыл Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі жеке кәсіпкерлер үшін бірыңғай төлем енгізді. Жұмыс берушілердің жүктемесін азайтуға және қызметкерлерді әлеуметтік қорғауды қамтамасыз етуге бағытталған бастама қоғамда қызу талқыға түсуде. Министрліктің ақпаратына сүйенсек, бірыңғай төлем келімі жыл сайын ұлғая бермек. «Бірыңғай төлем



# БИ ӘЛЕМІНІҢ БИГІНДЕ

**Фариза Мырзақұлова – талантымен өнер әлемінде танылған жас. Ол бүгінде Қызылжарма ауылындағы С.Әлжіков атындағы №144 орта мектептің бесінші сыныбында білім алуа.**



Фариза би саласындағы қадамын жеті жасынан бастаған. Ең алғаш Ы.Алтынсарин атындағы мәдениет үйіндегі үйірмеге жазылған ол үлкен жетістіктерге ұмтылып келеді. Оның талантын шырдауда М.Қалауов атындағы қалалық өнер мектебінде жетекші Әсел Бекзатханқызының еңбегі зор. Себебі ол жетекшісімен бірге ұлттық және классикалық билерді үйреніп, байқауларда бақ сынап бастады.

Өткен жылы Фариза «Қазақстан үміті» атты VI республикалық шығармашылық конкурсына қатысып, «Хореографиялық өнері-стилизациядан ұлттық би» номинациясында «Нур Наурыз Фест» IV халықаралық рухани жаңғыру фестиваль-конкурсында, «Қамажай» II республикалық бишілер конкурстарында бас жүлдені иемденді. Сондай-ақ II халықаралық балалар, жасөспірімдер мен жастарға арналған «Music Drive» өнер байқауында Гран-при жүлдесіне ие болды. Жас өнерпаздың тағы бір жетістігі ретінде IV халықаралық «Golden Stars» таланттар фестиваліне, қазақтың дара бишісі Шара Жіменқұловаңың 110 жылдығына арналған облыстық I «Қайнар Булақ» би жарысына, республикалық «Дала сазы» байқауына қатысып, марпатталғанын айтуға болады.

Жас өнерпаз өнер оқуында би әлемінің қыр-сырына қанығып, оқу мен өнерді қатар алып келеді. Осы жылы зерек оқушы Шымкент қаласында өткен хореографиялық өнердің республикалық конкурсында «Балбулақ» халықтық үлгілі би ансамблі құрамында өнер көрсетіп, «Шаттану» дипломының лауреаты атанды. Би әлемінде өз атын қалыптастырып жүрген Фариза болашағын өнер жолымен байланыстыруды көздейді.

Сабит КӨШЕРБАЕВ

# КӨШБАСШЫ ЖОЛЫ – ЖАСТАРҒА ӨНЕГЕ



**«Адамды адам еткен – кітап, адамзат еткен – кітапхана» екені рас. Руханият пен ұлттық құндылықтардың орталығы саналатын**

осы мекенде бүгінгі буынды жақсылыққа үндейтін іс-шаралар өткізілуде. Сондай ауқымды шараның бірі «Парасат жолы» жобасы аясында А.С.Пушкин атындағы орталық кітапханада ұйымдастырылды.

«Көшбасшы жолы – жастарға өнеге» атты кітапханалық «Non Stop» F.Мұратбаев атындағы республикалық жастар сайылының иегері, облыстық «Жастар ресурстық орталығының» директоры Талғат Оспанұлының қатысуымен өтті. Кездесуге Смағұл Бөкеев атындағы Қызылорда құрылыс және бизнес колледж кітапханасының меңгерушісі Бақыт Сұлтанбекқызы колледж жастарымен бірге қонақ болды. Сондай-ақ көшбасшылыққа үндеген жиыннан облыстық «Жастар ресурстық орталығының» жастары да қалыс қалмады. Еркін кездесуді республикалық «Ұстаз мәртебесі» газеті мен «Әлімсақ» журналының журналисі, ақын, қаламгер Айдар Сайлауов жүргізді. Шара барысында Талғат Тілес өзінше еңбек жолындағы жетістіктері мен тәжірибесін жастармен бөлісіп, студенттер сауылына жауап берді.

Кеш барысында жас айттыкер ақын Бексұлтан Орынбасаров, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетіндегі «Педагогика және дәстүрлі өнер институтының» студенті Босқар Серік домбырамен күй тартып, Жамбыл Бақытәлі өз шығармашылығынан өлең оқыды.

Е.ЕРТАЙҚЫЗЫ

# ЖАСТАР ШЫНЫ ЗАУЫТЫНЫҢ ЖҰМЫСЫМЕН ТАНЫСТЫ

**И.Әбдікәрімов атындағы Қызылорда аграрлық техникалық жоғары колледжінің құрылыс бұйымдары мен конструкцияларын өндіру**



мамандығының студенттері «Orda Glass LTD» Қызылорда шыны зауытына экскурсия жасады.

Облыстық «Жастар ресурстық орталығының» бастамасымен ұйымдастырылған экскурсияда кәсіпорынның өндірістік бөлім басшысының көмегіші Ғалымжан Қуатов жастарды жұмыстың қайнаған ортасына апарып, ондағы құрылыстармен, жұмыс процесімен, техникалық мүмкіндіктермен таныстырды. Шикізаттан дайын өнім алуға дейінгі жұмысты кезең-кезеңімен көрсетіп берді.

Соңғы уақытта елімізде техникалық мамандықтарға басымдық беріліп келеді. Сондықтан жастардың өндіріс саласына қызығушылығын арттырудың маңызы жоғары.

# ДІНИ МӘСЕЛЕДЕ АДАСУ – ҚОҒАМ ҮШІН ҚАУІПТІ



**Қазақстан – зайырлы ел. Мемлекет азаматтарға діни жоралғылар мен рәсімдерді орындауға кедергі келтірмейді. Яғни, қоғамның өр мүшесі еркіндікке құқылы. Егер тиісті заңнамаға қайшы келмесе...**

Бұл ретте сәлефизм ағымын ұстанушылардың адамдарға өзінің діни түсініктерін тануға тырысуы және басқа діндарларға деген өшпенділікті насихаттайтын қызметі елімізде қалыптасқан конфессияаралық бірлікке, қоғамымыздың тұрақтылығына нақты қауіп төндіретінін айту керек. Бүгінгі таңда бұл ағым бұрмаланған идеология ізбасарларының шектен шыққан тобын бейнелей бастады, олар өз көзқарастарын жақтамайтындарға қарсы шығып, халықтар мен мәдениеттер арасында жекежүрушілік тудырады. Сонымен қатар олардың көзқарасы бойынша кез-келген музыка, әртүрлі театрландырылған қойылымдар мен кейбір спорт түрлеріне тыйым салынаған.

Іс жүзінде сәлефизмнің құрығына түскен адамның құндылықтары ауысып, ата-ана, отбасы, Отан, сенім және т.б. сияқты қасиетті ұғымдарды, жалған және бөтен құндылықтарға ауысады. Бұл ағым мемлекет үшін де, ауызбірлік, ынтымақ ұғымдарын ту еткен қоғам үшін де аса қауіпті құбылыс екенін ескеру қажет.

Ислам МАРАТҰЛЫ,

Облыстық орталық «Ақмешіт-Сырдария» мешітінің наиб имамы

# ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕС – ҚОҒАМҒА ОРТАҚ МІНДЕТ

Жыл сайын жемқорлықпен күрес мақсатында жоспарлы түрде сан түрлі шаралар қолға алынуады. Облыстық Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл департаменті өз қызметін өңірлік «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдер картасы» негізінде іске асырып келеді. Өңірлік коммуникациялар қызметінде департамент басшысы Ернар Мақажанов осы бағыттағы оң өзгерістер мен соңғы жаңалықтар жайында сөз етті.

Картаға рәсімдердің ашық болмауына, әкімшілік кедергілерге және мемлекеттік қызметшілердің өз міндеттерін тиісті деңгейде орындамауына байланысты халық пен бизнесті толғандыратын көкейкесті мәселелер енгізілген. Олар – ауыл шаруашылығы, жер, жол және инфрақұрылым, олигополиялар, білім беру және кәсіпкерлік саласы.

Өткен жылы


департамент жүргізген 4 сыртқы талдау және 12 мониторингтің нәтижесінде 162 ұсыныс енгізіліп, оның 85%-ы іске асырылған. Қазір білім беру мекемелерінде еңбекақы төлеу және кәсіпкерлік мақсатында жер бөліп беру салаларында 2 сыртқы талдау жүргізуде.

Жалпы, өткен жылы департамент өндірісінде 85 қылмыстық іс болды, олардың 71-і сотқа жолданды, 39 тұлғаның сыбайлас жемқорлық қылмыстары әшкереленген. Ауыл шаруашылығы саласын

субсидиялауға байланысты былтыр 1 көп эпизодты қылмыстық іс тіркеліп, сотқа жолданған.

– Өңірдің орта білім беру ұйымдарында аса ірі мөлшерде, жалпы 550 млн теңгеге жамбыр мемлекет қаражаттарын жамбыр деректері анықталып, бүгінгі күні 12 қылмыстық іске тергеу жұмыстары жүргізілуде. Кез келген салада қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алу мақсатында департамент өз қызметінде жаңа тәсілдерді қолдануда. Негізгі мақсат – қылмыстың жасалғанын немесе мемлекет қаржысы ұрланғанын күтпей, керісінше оларды болдырмау үшін шұғыл шаралар қабылдау. Бастысы бюджет есебінен салынып жатқан объектілердің сапалы тұрғызылып, белгіленген мерзімде тапсырылуы, – деді департамент басшысы Ернар Өбсейітұлы.

Д.БӨКЕБАЙ



**Адамды адам еткен – ақыл. Сол ақылды біліммен ұштастырып, еңбекпен тәрбиелеу арқылы адамды асыл мұратына жеткізуге болады. Еңбекке баулу баланы ақылмен жұмсаудан басталады.**

Бүгінде ата-аналардың дені баласын жұмсағысы келмейді, аяйды, ауырып қалар дейді, сабағын оқысын дегені тағы бар, одан кейін ат жалын тартып, азамат болғанда

жұмыста жүр ғой, шаршайды дейді, сөйтіп қартайған кезде де баласын жұмсай алмай пұшайман күйде қалғанын көру сондай қиын. Бірақ мұны ата-ана бала кезден еркімен жібергендіктен, жұмсамағандықтан болғанын тым көш түсінеді.

Баланы үйде ата-анасы, ата-әжесі жұмсап, үй шаруашылығына баулыса, мектепте мұғалім көркем еңбек пені арқылы еңбек дағдысын жаңа сатыға көтереді. Адам өмірі үшін өте маңызды ері уақыт өткен сайын құндылығы артып келе

жатқан еңбекке баулу пені бүгінде жаңартылған білім мазмұнымен жетілдірілу үстінде. Жаңа инновациялық технологиялар пәнге деген оқушылардың қызығушылығын арттыруға үлкен көмек болып отыр.

Баланы еңбекке баулу пенінің тарихы сонау 1887-1888 жылдары ағартушы, ұстаз Ыбырай Алтынсарин ашқан қазақ мектебінен басталады екен. Ұстаз пайымына ден қойсақ, еңбек тәрбиесі – тәрбиенің қайнар көзі. Оқушыларды кәсіпке, ұйымдастыру ісіне, іске асыру жұмыстарына бейімдеу – пәннің негізгі мақсаты деп саналады. Бұл сабақта оқушы ұқыптылыққа, іскерлікке, әдемілікке танынуға үйреніп қана қоймайды, ең алдымен өзіне пайдалы болуға дағдыланады. Бұл оқушының өзіне өзі қызмет қылуды үйренетін ортасы десек артық айтқандық емес.

Еңбек пенінің негізгі ұстанымы – сөзден іске көшу. Іс-әрекет арқылы оқушының икемділігі, іскерлігі, шеберлігі, бейімділігі қалыптасады. Бүгінгі білім беру кеңістігіндегі жаңашыл

бағыттардың бірі – бағдарлау. Міне, осы көркем еңбек пені оқушының қабілетін ашуға көмектеседі және соған сай білім беріледі. Бала мұғалімнің түсіндірген жұмысын дер уақытында қолымен орындап, нәтижесін көзбен көру арқылы өзіне деген сенімге ие болады және өзін өзі бағалауға мүмкіндік алады. Көркем еңбек пенінде, мысалы, білу мен түсіну, білімді қолдану, талдау, жинақтау және бағалау негіздері толық жүзеге асады.

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні: көркем еңбек пенінің мәні оқушылардың елестету мен бақылау қабілеті, кеңістікте тану және көзбен көріп, түйсікпен сезінуі арқылы шығармашылық іс-әрекетін, көркемдік-технологиялық білім дағдысын дамытады. Ата-ананың көшкінін үйде баламен әңгімелескенде көркем еңбек пенінде не үйренгенін сұрап отырғаны да абзал.

Мәдина ЖАҚСЫЛЫҚОВА

БАЛАНЫ ЕҢБЕККЕ ҚАЛАЙ БАУЛМАЛЫЗ?



ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАН АЖЫРАМАСАК...

Қазақ халқының төлім-тәрбиесі сонау әжелден-ақ келешек ұрпағына аның сүтімен, ата-әжесінің батасымен, өкенеі тағалымды төлімі арқылы берілген. Дүниеге шығарып өткен әр перзентіне тал бекіткен баспап-ақ ұлттық тәрбиені санасына құйып өсіреді. Ал қазір ше?

Бүгінде жөн-жоралғыны білетін үлкендер азайып бара жатыр. Біз ата мен әженің немереге беретін өсиетінен, төлім-тәрбиесінен, қазақ халқының алтын қазығынан ажырап бара жатқандаймыз. Ұлттық тәрбиенің бастауы – ата мен әже. Тәрдегі қариларымыз айтқан ертегі-аньыдарды естіп, әдеби кітаптарды барына көп оқысақ, ұлттық құндылығымыздың қадірі мен қасиетін ұмытпаған болар едік. Десе де, дәл осы заманда үлкені де, кішісі де телміріп телефонға үңілген, әкесі ұлына ақыл айтпақ түгілі, өз уақыты өзіне жетпей жүрген заман болып тұр. Бала өз бетімен өсіп жатыр. Бұл сөзіме күнделікті тыныс-тіршілік. Әке мен анам күнделікті күйбегі тірліктерімен жүреді. Ал мен ше? Менің өлімім – смартфон мен компьютер.

Бұрын ата-бабаларымыз ұл баланы ержелектеңде басынған сипалаған. Арқасынан қаққан. «Басынан сипау – ұл баланы аяп, мүсіркеу» деп түсінген. Яғни бала өскенде «жасық», «ыңжық» бол өскенін қаламаған. Сондықтан баланың арқасынан қағады екен. Ал арқадан қаққанда бала батылданды, жігерленеді және еңсесін тік ұстап, тік қарауға дағдыланады. Қыз баланың басынан сипаған. Қыз – жақжұрттық, өзге үйдің түнін түтетеді, ұрпағын өсіреді деп, қыз балаға қамқорлық көрсетіп, еркелетіп өсірген. Ешқашан ер кісімен қол беріп амандаспауды, ер адамның жолын кесіп өтпеу керектігін ескертіп отырған. Ер бала жеті жасқа келгеннен бастап, бір шаңырақтың тұтқасы деп ас қайыртқы, бата сұратқан. Халқымыздың батыр ұлы Бауыржан Момышұлы атамыз: «Жаудан қорықпаған қазақ едім. Енді қорқынымшым көбейіп жүр. Бірінші, баласын бесікке бөлемеген, бесіп жоқ әйелден

қорқамын. Екінші, немересіне ертегі айтып беретін әжелердің азайып бара жатқанынан қорқамын. Үшіншісі, дәстүрді сыйламайтын ұрпақ көбейіп келеді, оның қолына қылыш берсе, кімді де болса шауып тастауға әзір, атадан өнеге алып, үйреніп жатқан бала жоқ...» деп мұңайған екен. Жаудан қасқайып қорықпаған қаһарман батырдың қорқынышы шындыққа айналып бара ма деген сұрақ маған да ой салды.

Десек те, жаңа өмір, дамыған заман дейміз... Мейлі, заман жаңарып, жаңғыра берсін. Бірақ біз өз ата-

– Әже-е-е-әу, – деймін еркелеген үнмен созып айтып. Жазғы қаниқулым бітуде таяу екенін іштей сезіп-біліп жүрмін. Өйткені осы пенсиядан әже жаңа киімдер алып берді. Демек шешем келіп, алып кететін күн алыс емес. Сол үшін де мейлінше әжемің қасында көп уақыт өткізуге тырысып жүрмін.

– Әже деймін, – деп қайталаймын тағы да. Соңғы уақытта қалғасы шамалы еститін бұл жүрген әжеме бұл жолы аздап даусымды шығарып.

– Ау, ботам? – дейді ол да қолындағы ұршығын иіріп отырып. – Ұршық иіріп жіп жасайсың. Сосын одан шұлық тоқисың. Одан да неге сатып алмайсың? Ақшаң бар емес пе? – деймін.

– Қолыңнан келетін дүниенің барлығын сатып ала бересің бе? Онда



Істейтін түк қалмайды ғой. Болмаса ақшаң таусылады. Сен мысалы қорадан жұмыртқа тергенше дүкеннен барып неге сатып ала қоймайсың? – дейді әжем.

– Әй, мен енді сен сияқты ай сайын пенсия алмаймын ғой, – деймін ренжулі үнмен. Ол жауабыма әжем күледі сосын. – Әже-е-әу, – деймін тағы да. «Ау?» деген сыямен басын изегенде: – Мен өскен соң сені асырап аламын, – деймін.

– Мені асырап алып не істейсің? – дейді ол күліп.

– Енді, менімен бірге тұрмайсың ба? Өйтпесе мен сені сағынамын. Менімен бірге тұрсаң күшті болады. Күнде қасыңда жатам. Демалуға санаторияға апарамын, – деймін санаторияның не екенін білмесем де.

бабаларымыздан мұра бол келе жатқан бабалар өсиетінің құндылығын жоғалтпасақ екен. Келер ұрпаққа бабаның өсиет-өнегесін жеткізу керек. Рухани байлығымыздың алтын тіні үзілмесін десек, теледидар мен ұялы телефонға үніліп, әлеуметтік желіге байланып отыратын балаларға ата-әжелеріміз рухани демеу болып, ырым мен тиым сөздерді санасына құйып отырса, сара жолдан таймаған болар едік.

Жанерке ӘУЕЛХАН, Н.А.Ахмедова атындағы №112 орта мектебінің 7 сынып оқушысы

Абай – қазақ халқының мақтанышы. Тек қана Абайдың өлеңдерінде қазақ халқының өмір шындығы, сезім-сыры, арман-тілегі, ұлттық қасиеті түгел көрініп, сөзсізді десем, артық емес.

Абай мақсатқа жетудің шынайы жолын көрсетіп берді. Дана ақынның пайымына, мұратқа жетудің негізгі жолы – шығармашылық. Абайдың айтуынша, ой кісіге өмірдегі бар құбылысты талдап, қорытып, салыстыру үшін берілген. Мұратқа жетудің екінші шарты – еңбек. Ол қазақ қоғамында еңбек туралы жаңа түсінік қалыптастырды. «Еңбек – жай ғана қызмет емес, адам болмысының айнасы» деген ой тастады. Сондықтан ақын еңбек пен мақсатты өлеңдерінде асқақтата жырлаған.

Абай қазақ әдебиеті тарихында тұңғыш рет өз заманында халықты толғандырып қоғамдық және саяси өмір мәселесін айта білді. Ол қазақ қоғамының қайшы жағын, замандастарының алауыз берекесіздігін, патшаның отаршылдық саясаты қоздырып отырған рулық тартыстардың зиянын қатты сынай отырып, еңбекші елге іш тартты, халықты озық мәдениетке сүйреді. Ол ендігі жерде ел болудың кепілі – дамыған



көрші елдермен қарым-қатынас жасауда екенін айтты. Елді сол жолда бірігуге, ынтымақтастыққа, ауызбіршілікке шақырды.

Уақыт талабын заманынан оза шауып түсіну – Абай даналығының белгісі. Ол шындықтың ақыны болып туды, солай өмір сүрді. Өлеңдерін оқи отырып, одан жалғандық табу қиын. Шығармаларынан қазақтың ұлттық табиғатына тән шындық мөлдіреп көз алдына келеді. Оның өлеңдері өзінің қарапайымдылығымен, табиғилығымен құйылып, ойға, сезімге ұялайды. Сондықтан ол қазақ әдебиетіндегі тұңғыш ұлы суреткер саналады. Абай ақын болып сөз жазып қана отырмаған, өз өлеңіне өз әні шығарып таратқан. Оның композиторлық шығармашылығы ерекше бағаланады. Жасынан өке ырқымен елі ісіне араласқан Абай сөз сырын жақсы білді, дәу ұстағандардың талай сынынан өтті, шешен атаңды, төбе билікке де сайланған. Абай – қайталанбас тұлға. Ақынның өзі өлгенімен, жазып қалдырған өлеңдері ешқан өлмейді. Оның әрбір сөзі – бізге аманат.

Ғазиза ЕРЛАНОВА, №5 мектептің 11 сынып оқушысы

Жылы сөз айт!

Ойлаңызшы, біз көбіне көз жүгіртпейтін терезе алдындағы ұсақ шаң жеңіліп білген соң жақтауда жата ма, әлде шарасыз болған соң ба? Күніне жүз мәрте сұртсаң де, қайта пайда болатын бұл құбылыс неге өзге?

Кейде күңіреніп, көпке көз тастамай, мазасыз күй кешкен кездерімде өзімді сол жақтауда жатқан шаң сезінемін. Мен күн сайын күйбегі тіршілікті аминдид болғаннан соң сүріп жатырмын ба, әлде сол шандай шарасыз болған соң ба?

Қалай болса да мендегі бұл құбылыс осы уыс шаңның тірлігіндегі өзгерек құбылыс болғаны да... Бірақ адам дәл осы елеусіз тозаң сияқты іс-түссіз құрып кету үшін дүниеге келмейді. Адам басқа адамдардың жүрегінде із қалдыру үшін келеді. Әмірі мінсіз ешкім жоқ. Бізміз қамқорлыққа, мейірімге мұқтажбыз. Алайда бір-бірінен кемшілік іздеген мына заманда бұл өкүйін кездестіру қиын. Кейбір адамдар жақсының сүрінгенін күтіп, қуанып, елге жариялауға дайын тұрады. Ол – надандықтың, әлсіздіктің белгісі. Өзін дамытып, өрекет жасаудың орнына басқа адамдардың құлағынан сынап, төмендету арқылы өзін жоғарылатқанды жақсы көреді.


Айналага көз салсақ, жаныңдағы адамның қай-қайсысының болмасын, әйтеуір біреуге өкпесі бар. Сонда бірі еркілетпейтін күйеуіне, күйеуі болса қолдау бірлестіретін әйеліне ренжиді. Енесі «сіздікі дұрыс десе, көңілім жылып қалар еді-ау» деп келініне, ал келіні болса «бір мақтап қойса болады ғой, жоқ, үнемі жазғыру» деп енесіне өкпелі. Расында ана баласынан, баласы анасынан, жұмысы бастығынан, жұптар сүйіктісінен жылы сөз күтеді. Тек бір қызығы бәрі бір-бірінен күтеді. Ешкім өзі бастап айтқысы келмейді. Бірақ бәрі жылы сөзге жібіп сала беруге даар.

немесе басқа нәрсеге емес, тек жылулыққа зұр. Бәрине жай ғана айтқаны үшін ақы сұрамайтын құр сөз керек. Қадіміз бір ауыз сөз. Тілмізде ғана жылы сөз.

Сөздің құдіретін беріміз білеміз, түсінеміз. Бірақ соны қолдануға келгенде тыым шорқақтық. Қазақ әдебиетіндегі орны бөлек ақын Тұманбай Молдағалиев «Адамға ең қерегі бір ауыз жылы сөз ғой. Аманбысыз, қалыңыз жақсы ма? Жақсы жұрп жатырсыз ба? Ұзақ өмір сүріңіз» деген сөзді адам аз айтқаннан кейін өмір қысқа ма деймін. Егер көңіл-күйі болмай отырғанда сондай сөзді өзінің жақыны, жақсы көретін кісілерінен естісе, адамның өмірі ұзара береді. Адамдар ашытқа да көнеді, бірақ мына сөз арқылы бірін-бірі өмдеп, бірін-бірі жетелесе ұзағырақ өмір сүреді. Менің ұққаным тіршіліктегі нәрсенің бәрі көңіл, жылы сөз. Адамға көңіл, жылы сөз жетпейді» деген екен. Бүгінгің дерті де осы. Не істемек керек?

Өмір жақсылықпен, жақсы адамдармен ғана сәулелі. Айналаныңа жақсылықпен, ізгілік шашып жүрсеніз жан дүниенің де, өміріңіз де берекелі болады. Өмірдің мәні өмір сүруде. Әрбір мұнайған жаранды шынайы шаттық алмастырып, әрбір сәткен жүрек нұрмен нұрланып, әрбір өңсіз тосқа бояу бітсін. Жылы сөз айт!

Мерей СЕКСЕНБАЙ, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің студенті



**ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫНДАҒЫ АЛҒАШҚЫ ЖЕҢІС**



Қазақстан MMA-ден жастар арасындағы әлем чемпионатында алғаш рет I орынға қол жеткізді. Сербия астанасы Белградта өтіп жатқан әлем чемпионатында астаналық сайыпқыран Ерсултан Шәкенбай өткен жылғы чемпиондық атағын қорғап, екі дүркін Әлем чемпионы атанды.

Төрткүл дүниенің 60 мемлекетінен 600-ден астам спортшы бақ сынауда. Қазақстанның намысын қорғауға ұлттық құраманың 33 спортшысы білек сыбана кіріскен. Байрақты бәсекеде 18-20 жастағы жастар арасындағы финалдық жекпе-жек өтті. Қазақстан құрамасының қоржынына 3 алтын, 2 күміс және 5 қола медаль түсті. Алғашқы алтын медальді қанжығаға байлаған дарынды спортшы Ерсултан Шәкенбай 56,7 келіге дейінгі салмақта өнер көрсетті. Ол финалда тәжікстандық Лоик Икромовты қылқындыру әдісімен жеңді. Айта кетейік, Ерсултан барлық жекпе-жектерін мерзімінен бұрын аяқтады.

Сондай-ақ, екінші алтынды Ақмола облысының тумасы Матильда Бачурина, ал үшінші алтынды ұлттық құрама қоржынына Идрис Идрисов салды. Мұнан бөлек, қола медальға қол жеткізгендер қатарында Аяулым Ұлан (Алматы облысы), Динара Аялова (Ақтөбе облысы), Жанерке Жамалбеков (Жамбыл облысы), Самат Төлегенов (Астана), Шығыс Ыдырысов (Алматы облысы) бар. Ал Қазақстан құрамасы MMA бойынша жастар арасындағы әлем чемпионатында алғаш рет I орын иеленді.

– Өбілқайыр Айдоусұлы, жуырда халықаралық «Даму» кубогында үздік қақпашы атандыңыз. Жеңіс құтты болсын! Өңгімізді аталған турнирден бастасақ.

Қақпашының жауапкершілігі жоғары екенін сезінуге де көмегі тиді. Жақындарымың демейі мен бапкерлердің ақыл-кеңесі осындай нәтижеге жетуге жол ашты.

қандай дағды мен шеберлікке қол жеткізуге көмектесті? – Өрине, әрбір кәсіби орта спортшыны жетілдіре түсетіні анық. Қызылорда футбол мектебі де құнды тәжірибе жинауға

**«ҚАҚПАШЫНЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ЖОҒАРЫ»**



Әлемдік футбол тарихында айналып келген спортшылардың бағасы мені шабуылдаушылар. Кейде ойыншылардың тасасында қақпашының кәсіби шеберлігі байқалмай, лайықты бағасын иеленбейтін сәт те кездесетіні жасырын емес. Қазақстан спорт кеңістігінде де аталған кәсіпшілік бары анық. Алайда соңғы жылдары бұл бағытта өзгеше жұмыстар жалғасын тауып, сәтті ойын өрнегін көрсеткен қақпашыға лайықты мәртебе беру ісі өріс алууда. Соның бірі айғағы – жерлесіміз, Қызылорда футбол мектебінің түлегі Өбілқайыр Аликбардың халықаралық жарыстан олжалы оралуы.

көмектесті. Өсіресе, дағды, тактика, жалпы футболдың қыр-сырын осы мектеп қабырғасында жүріп үйрендім. Кәсіби жаттықтырушылар өз ісінің маманы екенін дәлелдеп, барынша жүйелі дайындық арқылы шыңдауға тырысты. Оларға алғысым шексіз. Соның ішінде өреше бағыт-бағдар беріп, жол көрсеткен Тимур Айтбаев ұстазымның өкпебін атап өткім келеді. Жаттықтырушы ретінде бар білген-түйгенін үйретуден жалықпай, спортшы болып қалыптасуыма үлкен септігін тигізді.

– Сыр жастарының спортқа, өсіресе футболға деген көзқарасы қандай?

– Жалпы, Сыр жастарының даму қарқыны жоғары. Бүгінде арнайы футбол мектептерінен бөлек, жеке үйірмелердің саны көп. Жастарымыз бақтан тыс уақытта футбол үйірмелеріне барып саламатты өмір салтын ұстанып, алғашқы тәжірибе жинауда. Алайда, ескеретін жайт бар. Спортты тек табыс көзі деп қарасақ, онда жеңіске жетпейміз. Спортпен бар ынта-жігермен айналысқанда ғана кеңіл толатын нәтиже мен табысқа кенелуге болады.

– Өңгімеңізге рақмет!

– Спортшыны әрбір жарыс шындайды. Аталған турнир де тың тәжірибе жинауға мүмкіндік берді десем, артық емес. Жарыстың ұйымдастыру деңгейі де жоғары болды. Топтық ойында алқашқы кездесуді Russia U16 құрамасына қарсы өткіздік. Додада сәтті нәтиже көрсету арқылы басым түсіп, екінші ойында Әзбекстан U17 құрамасымен кездесуге мүмкіндік алдық. Бұл жолы да дайындықтың текке кетпегенін дәлелдеп, жеіске жеттік. Беларусь U17 құрамасымен болған ойында да жеңісті жолды қайталау қолдан келді. Тіпті, Беларусь U17 құрамасымен болған ойыннан кейін «матч үздігі» атағымен марапатталдым. Жалпы үш ойын нәтижесінде Қазақстан қақпасын құрғақ ұстадым. Өкінішке қарай ақтық бәсекеде Ресей құрамасына есе жібердік. Осылайша, құрама күміс олжалады. Ал, мен «Даму кубогы 2023» турнирінде «үздік қақпашы» атандым.

– Спортқа қадам басу жолыңызды тарқатсаңыз.

– Спортқа қызығушылық отбасы өнегесінен туса керек. Бала кезімде әкемнің футбол ойнағанын көріп, жаттығу мен ойындарын тамашалау барысында мен де спортшы боламын деген мақсат қойған болатыным. Уақыт өте көле әкем шешімді қолдап, барынша жол сілтеп, қолдау көрсетті.

Жалпы нәтиже жаман емес секілді. Мысалы, құраманың Словения, Фарер аралдары құрамаларымен кездесуінде сәтті өнер көрсетуге мүмкіндік туды. Үш жыл ел чемпионатында күміс еншілесек, Тимур Сегізбаев атындағы турнирде жеңімпаз атандық.

– Қызылорда футбол мектебінің түлегі екеніңізді білеміз. Аталған мектеп

**ГРЭППЛИНГТЕН ТУРНИР ЖЕҢІМПАЗЫ**



Қазақстанның грэпплинг құрамасы Елорда тесінде өткен балалар, жасөспірімдер, жастар мен өресектер арасындағы «ASIA OPEN – 2023» турнирінде жеңіс туын желбіретті. Дүбірлі додада әлемнің 1200-ге жуық спортшысы бақ сынасқан.

Төрт күнде спортшылар түрлі жас санаттар бойынша сынга түсіп, өздерінің даралығын байқатты. Нәтижесінде командалық есепте отандастарымыз жеңіске жетті. Қырғызстан II орынды еншілесі, үздік үштікті Әзбекстан түйіндеді.

**ПӘКІСТАНДАҒЫ ТУРНИРДЕ ЧЕМПИОН АТАНДЫ**



Отандасымыз, жас теннисші Таира Әбділдаева Пәкістанда жасөспірімдер арасында өткен ITF J30 турнирінде топ жарды.

Әлем халқы көз тіккен байрақты бәсекеде Әбділдаева жұптық сында ресейлік Влада Гурлевамен бірге финалда тағы бір қазақстандық Анастасия Ким – қытайлық Си Джиншуді 7:5, 6:3 есебімен ұтты. Таира – Алматы теннис мектебінің түлегі, 16 жаста.

Бетті дайындаған: Б.ШАҒЫРБОВ



Спорттағы халықаралық даталар тізімі 2017 жылы тағы бір мерекемен толықты. 2018 жылдан бастап Халықаралық бокс күні атап өтіліп, жыл сайын 22 шілдеде тойланатын болды. Бірақ 2021 жылы мерекені 27 тамызға ауыстыру туралы шешім қабылданды.

Бокс – әлемдегі ең көне спорт түрлерінің бірі. Жұдырықтасу б.з.д. 688 жылы Олимпиада ойындарының бағдарламасына алғаш рет енгізіліпті.

Ал, қазіргі біз білетін бокс XVIII ғасырдың басында Англияда пайда болды. Алғашқы бокс академиясын Джеймс Фигг 1719 жылы Англияда құрған. 1889 жылдан бастап боксшылар қолғаппен жұдырықтаса бастады. 1912 жылы Олимпиадаға қатыспайды, себебі Швецияда бұл спорт түріне 2007 жылға дейін тыйым салынған болатын. Сондай-ақ, Норвегия, Исландия, Иран және Солтүстік Кореяда да боксқа тыйым салынған.

1920 жылдан бастап бокс олимпиадалық спорт түрлерінің тізіміне енді. Бүгінде кәсіпқой бокста 17 салмақ дәрежесі бар. Ең жеңіл салмақ 47,6 келіге дейін, ең ауыры – 90,7 келіден жоғары. Айта кетерлігі, бокс – қауіпті спорт түрлерінің бірі. 1980 жылдан бері 200-ден астам боксшы рингте қайтыс болды. Бүгінде бокс – әлемдегі ең танымал,


еліміздегі ең дамыған спорт түрлерінің бірі. Тарихи деректерде елімізде 1933 жылы пайда болғаны айтылады. Қазақ

Бердіқұлов «Қазақстанға бокс қолғабын алғаш арқалап келген адам» десе, қазақтан шыққан қаһарман ұлға

1948 жылы Орта Азия республикаларының спартакиадасына қатысты. Кеңес үкіметі кезінде қазақстандықтар КСРО чемпионаттарында 157 медаль жеңіп алған.

Атап айтсақ, барлығы 36 алтын, 44 күміс, 77 қола медальға қол жеткізді. Олимпиада ойындарында КСРО құрамасы сапында өнер көрсеткен қазақстандық спортшылар екі күміс және екі қола, ал әлем чемпионаттарында екі алтын және екі күміс медаль иеленді. 1988 жылға дейін қазақ боксшылары КСРО құрамасы сапында өнер көрсетті. Бір қызығы, 1992 жылға

дейін ТМД елдерінен құралған бірлескен команданың құрамында Қазақстан спортшылары болды. Ресми түрде еліміздің ұлттық құрамасы жеке команда ретінде 1994 жылдан бері өнер көрсетіп келеді. Бүгінде Қазақстан Олимпиададағы медальдар саны бойынша алғашқы 10 елдің қатарында.



боксаның негізін салған – Шоқыр Бөлтекұлы. Ол – қазақтан шыққан тұңғыш КСРО спорт шебері. Қазақ боксының баһадүрі атанған Шоқыр Бөлтекұлы жайлы қазақ спорт журналистикасының негізін қалаған қаламгер Сейдахмет

Бауыржан Момышұлы: «Дүниеде екі-ақ нағыз қазақ бармыз, бірі – мен, бірі – Шоқыр» депті. Елімізде бокстан тұңғыш жарыс 1937 жылы Алматыда өтті. Қазақтар КСРО чемпионатына алғаш рет 1947 жылы қатысты. Қазақ КСРО

Бұл бәсекеде жастардың инновациялық әлеуеті, зейінді, бастамашылдығы мен белсенділігі қоғам дамуының алғышартына айналып отыр. Өңірде де білім мен біліктілік бәйгесіне қосар, бағы мен бабы келіскен жас көп. Жақында Шымкент қаласында химия-биологиялық бағыттағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің 10 жылдық мерейтойына орай ұйымдастырылған «Бірге оқық» атты бейнероликтер байқауында Сыр өңіріндегі NIS-тің екі бірдей оқушысы жүлделі болды.

Readd жобасы аясында өткізілген додаға еліміздің барлық зияткерлік мектептердің оқырмандары белсене қатысты. Оқушылар сүйікті шығармалары мен авторы туралы қызықты деректерді

жынысы, туған жері, руына, бет-бейнесінің ерекшелігіне қарамай адам баласына мейірім мен махаббат, қолдау керек екенін жеткізім келді», – дейді жеңімпаз.

Зияткерлер ордасынан озат шыққандар қатарында 9 сынып оқушысы Нұрсұла Әмірбекқызы бар. Жетекшісі педагог куратор Мархабат Раманқұловамен бірге аталған байқауға дайындалып, бақ сынасақ ол бейнероликте ұлы Абайдың гуманистік көзқарасын терең танытатын елеулі сюжетті туындысы «Ескендір» поэмасына талдау жасаған. Поэма мазмұнына ерекше шеберлікпен талдау жасап,

## БАҒЫ МЕН БАБЫ КЕЛІСКЕН



**Әлемдік тәжірибе көрсетіп отырғандай, жаһандану үрдісінің қозғаушы күші – білім мен ғылымды, жаңа технологиялар мен ақпараттарды жетік игерген адами капиталы, бүгінді ертеңге жалғайтын жастар.**

қамтитын мазмұнды ақпараттармен бейнероликтерде бөлісіп, оқырманды кітап оқуға шақырды. Әр өңірдің озат оқушылары бақ сынаған байқаудың нәтижесі бойынша Қызылордадағы NIS-тің 9 сыныбында білім алып жүрген Мұхаммед Нағашыбайдың «3 минутта 1 кітап» форматында түсірілген креативті жұмысы I орынға лайық саналып, жүзден жүздік таңылды. Айта кетейік, сегіз қырлы, бір сырлы оқушының жетекшісі – педагог-куратор Ақбота Жұмабаева.

«Мен қазақ халқының мұңы мен азабын арқалаған белгілі жазушы Роза Мұқанованың «Мәңгілік бала бедем» шығармасы туралы баяндап бердім. Шығармада Семей полигонының зардабын тартып, мәңгілік мүгедек болған Ләйлінен жанайқайы, адамдардың қатыгездігі қатты әсер етті.

Өңірімізге оқу барысында Семей полигонына қатысты мәліметтермен танысты, осы шығарма желісінде түсірілген «Қыз жылаған» фильмін көрдім. Бұл бейнеролик арқылы мүмкіндігі шектеулі жандарды қоғамнан шеттетпей, кемсітпей, қабылдау қажет екенін ұғындыру, қай кезде болмасын, жасы,

Абайды өзінше тани білген, таныта білген ару республикалық байқауда жүлделі II орынмен марапатталды.

– Мектеп табалдырығын аттаған әр оқушы әдебиет бағдарламасына сай бір сыныпқа көтерілген сайын Абайдың түрлі шығармаларымен танысады. Оның ішінде өлең де, қара сөз де, поэма да бар. Яғни әр жыл сайын, әр оқыған сайын Абайды басқаша танымыз.

Абайды тану – қазақ халқын, өзімізді, өткенімізді танумен бірдей. Өйткені халқымызды дәл Абайдай танып, Абайдай түсіндірген ешкім болған жоқ. Абай анық нәрсе. Абай ақын ғана емес, ол өлеңдері арқылы өз халқының төрдегі басын есікке сүйреп келген басты мінат бопып көрсетіп берген тұңғыш дана сынып. Поэма арқылы да соны байқауға болады, – дейді Нұрсұла Әмірбекқызы.

Бәсекеге қабілетті қоғам жастарының нақты мақсаты болуы тиіс. Жастар қазір кітаптан алыстап барады деп баға беру оңай. Керісінше, біз кітап оқитын ұлтқа айналуымыз керек. Кітап оқыған жас – өмірге құштар жас. Интеллекіміз өскенде тұрмысымыз түзеліп, өңдіріс те дамиды.

Дина БӨКЕБАЙ

## ТАЛАП ПЕН ТАЛҒАМЫНЫҢ, ҚАБІЛЕТІ МЕН ҚАРЫМЫНЫҢ АРҚАСЫНДА ІСКЕРЛІГІН ДӘЛЕЛДЕП ЖҮРГЕНДЕР КӨРКЕМ БИЗНЕС ДЕ БАР. СОНЫҢ ІШІНДЕ ЕРЕКШЕ КРЕАТИВТІЛІГІМЕН КӨЗГЕ ТҮСКЕН 21 ЖАСАР АЙДАНАНЫҢ ОРНЫ БӨЛЕК. ОЛ МАКИЯЖҒА ҚАЗАҚША ӘР БЕРІП, КӨПТІҢ АЛҒЫСЫН АЛЫП ЖҮР.

Кейіпкеріміз тәуекелі көп кәсіпте шырдақшылар қатарынан. Талап пен талғамының, жан-жақтылығының арқасында бір емес, бірнеше істің июын келтіріп келеді. Бұған дейін кимдер дүкенінде менеджер болып жұмыс істеген. Ал бет әрлеудің өзгеше үлгісін қолға алуы сұлулыққа деген құштарлығынан туған хобби десе болады.

«Мен визажист емеспін, суретшімін. 5 жасымнан суретке деген қызығушылығымды байқаған ата-анам сурет мектебіне берген. Содан бері сүйікті ісіммен «Шұғылданамын» дейді ол. Бүгінде жасаған «шедеврін» желіге жүктеп, танымалдығы арқан Айदानаның бір ғана танымап TikTok желісіндегі видеолары мыңдаған қаралым жинайды.

– Ерекше макияжға қызығушылық балалық шағымнан басталған сияқты. Мультсериалдардағы кейіпкерлерді көріп, соларға еліктегім келген. Winx-тегі перілер, Bratz-тағы модельдер, Барбидің түрлі мультфильмінде ашық түс, креатив, бұрын-соңды көрмеген образдар қатты шабыттандыратын. Ал жасөспірім кезімде Pinterest қосымшасын ашқалы бері өмірім өзгерді. 2018 жылы «Эйфория» сериалы шыққаннан кейін үлгіде әкелеріміздің ескі бояуларымен тәжірибе жасап бастадым. Содан әлі жаңа идеялар іздеп жүрмін. Өткен жылы наурызда маған «Неге тек наурызда оюға мән береміз? Күнделікті өмірде неге қолданбасақ?» деген ой келді. Сол уақытта tribal стиліндегі тату мен макияждар тренд болатын, соны оюмен үйлестіріп макияж жасау ойға келген. Күнде жай боянып қана қоймай, оны өзге адамдармен де бөліскім келді. Солай TikTok-қа



тіркелдім, – дейді суретші. Қазақша нақыштағы киім-кешек, әшекейлер бар. Ал қазақша үлгідегі бояу make up жиі кездесе бермесі анық. Бұл үрдісті қалыпта қалтыру, қазақ

оқуларын көпшілікке насихаттауды мақсат еткен Айдама бұл макияж түрін күнделікті қолданысқа енгізуді ойлайды.

– Бізде ашық, экстравагантты макияж танымал емес. Бірақ өткен жылдың наурызында тәуекел етіп, осы макияжбен жиынға бардым. Содан кейін күнделікті өмірде де осылай боянып келгендіктен көбірек ою іздеп, оларды заманауи әрлеу өртістердің макияждарынан шабыт алып өз стилімде ойлап таптым. Мен өзім визаж курсына оқыған жоқпын, сондықтан өзгелерді бояуға қорқамын. Бірақ құрбыларыма тәжірибе жасап шықтым. Барлығы бір қалыпты, бір-біріне ұқсас боянады қазір. Сұлулық индустриясына ұлттық нақышты қосып, серпіліс сыйлайық! – дейді ол.

Мәлдір КЕНЖЕҒҰЛОВА



### Тоқты

Ешқашан асығыстық жасамаңыз. Алайда шұғыл шешімді қажет ететін жағдайда жылдам әрекетке кірісіңіз. Бұл сіздің қолыңыздан келеді. Өміріңізде болып жатқан жағдайды қабылдай біліңіз. Қиын сәттердің өзінде озбырлық пен ашуға бой алдырмаған жөн. Тік мінезінді шетке ысырып, кейде икемділік, кейбірінде қулық танытуға тура келеді.

### Торпақ

Апта қойған мақсатты қолға алатын уақыт келді. Аптадағы әрбір әрекетіңізді өмірді болады. Ойға алған жоспарыңыз іске аспай, бір орында тұрапал қалғандай көрінуі мүмкін. Алайда бұл туралы көп ойлап, уайымдамаңыз. Себебі бәрі аз уақыт ішінде реттеледі.

### Егіз

Өмірді қайта бастауға құлшыныс арттып, өмір қызығын сезінесіз. Махаббатта жолыңыз болады. Діттеген мақсатқа жету үшін бұл апта таптырмас уақыт. Жолыңыз болып, көп нәрсеге оңай қол жеткізесіз. Сондықтан берілген мүмкіндікті жіберіп алмаңыз.

### Шаан


Жаңа өзгеріс орын алғалы тұр. Барлығына да дайын болыңыз. Дегенмен сізде айтарлықтай қиындық болмайды. Бұл апта демалып, ем алуға таптырмас уақыт. Сондықтан кезекті еңбек демалысыңызды осы уақытқа жоспарласаңыз өкінбейсіз.

### Арыстан

Көп ойланатын, түрлі жоспар құрып, алғашқы қадам жасаңыз. Жұмыстың нәтижесін көре аласыз. Апта соңында қабылдаған шешімнің дұрыс-бұрыстығына көз жеткізесіз. Билікке жетуде де, төменге құлдырауды да бастан өткеруіңіз мүмкін. Апта соңында күтпеген ұсыныс түседі. Десе де жұлдыздар ауыр міндетті жауапкершілікке алмауға кеңес береді. Қандай да бір шешім қабылдамас бұрын ата-анаңызбен ақылдасқан жөн.

### Бішеш

Өміріңізде айтарлықтай өзгеріс болады. Өмірлік серігін іздегендер жанына жақын адамын табады. Жұмыста басылықтың жеңіс шағымына мән бермеуге тырысып, діттеген мақсатыңызға



жер жолда табандылық таныту керігін естен шығармаған жөн. Қаржы мәселесіне көңіл бөлген дұрыс.

### Таразы

Кәсіп бастағысы келгендерге сәттілік серік болады. Алайда істі достарыңызбен бірге бастамаған жөн. Жаңа белестерді бағындыратын уақыт жетті. Өзіңді өзге қырынан көрсетіңіз. Бұл апта жетістіктерге жететін кезең. Мұның бәрі бұған дейін қолға алған істің жемісі. Жеке өміріңізде маңызды кездесулер орын алады.

### Сарышаян

Алдыңыздан келтеген сынақ шығуы мүмкін. Алайда бұл тәзіміңді тексеруге жақсы мүмкіндік. Егер сынантан сүйріктей өтсеңіз, әрі қарай үлкен жетістікке жетесіз. Жұлдыздар асығыстық танытпауға және өзгелердің сізді басқаруына жол бермеуге кеңес береді. Егер әлдекімің өзінше қысым жасағанын сезсеңіз, бірден бұл әрекеттің тамырына балта шабуға тырысыңыз.

### Мерген

Үнемі қиын жағдайдан шығудың жолын іздейсіз. Сонымен бірге аптада көп нәрсеге қол жеткізе аласыз. Осы аптада жеке өміріңізге қатты әсер ететін жайт орын алуы мүмкін. Қаржы саласында сәттілік болады. Үлкен табысқа кеңелесіз.

### Тауешкі

Апта жетістікке жетуге сәтті қолайлы. Сондай-ақ өміріңізде келеңсіздіктер болмайды. Жақсы жұмысқа орналасып, жаңа баспанаға көшу мүмкіндігі туады. Кәсіп бастау, маңызды келісімдер жасау немесе ауқымды іскерлік кездесу өткізу септігін тигізеді.

### Сұқүйыш

Аптада жасылық болғалы тұр. Сонымен бірге қызықты ұсыныс түседі. Мәселен, біліктілікті арттыру курстары. Мұндай ұсыныстан бас тартпаған жөн. Осы уақытқа дейін жасаған жұмысыңыз өз жемісін береді. Сондықтан қорықпай, жаңа іспен шұғылданауға дайын жүріңіз.

### Балық

Қиындықтан шығып, табысқа қол жеткізу үшін бағытыңыздан тартпау керек. Жұлдыздар ақшаны ұқыпты ұстауға кеңес береді. Себебі қалтаныңа оңай түскен ақшаны сол күнінде желге ұшыруыңыз ғажап емес. Алайда бұл сараңдылық көр беріп, қатты үнемдеу керек дегенді аңғартпайды. Керісінше, ақшаны өз рахатыңыз үшін дұрыс жұмсауды үйреніңіз.

Кезекші редактор: Г. ЖИМДИН

### Меншік иесі: «Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі



Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеу алынып, №13844-Г нұсқалы 26.08.2013 жылы берілген. «Ақмешіт жастары» облыстық газеті. КР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертифицирталған.

БАС ДИРЕКТОР  
Аманжол ОҢАРБАЕВ

Қабылдау бөлмесі:  
тел/факс: 40-11-10

БАС РЕДАКТОР  
Мәлдір ҚАЛЫМБЕТ

Газет өр аптанын бейсенбі күні шығады. Қолжазбалар өңделеді және қайтарылмайды. Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп «ASU баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8 77421 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8 172421 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Индекс: 65425. Редакцияның мекен-жайы: 120018 Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А  
e-mail: aqmeshit\_zhastary.kz@mail.ru  
Instagram: @aqmeshit\_zhastary / сайт: aqmeshit\_zhastary.kz

Таралымы: 6846  
Тансырыс: 308